Қазақ тілі

Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған

ӘМБЕБАП ОҚУЛЫҚ

КАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ

А1

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНА АРНАЛҒАН ӘМБЕБАП ОҚУЛЫҚ

ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ (А1)

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Қаз-923
Б37

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Тіл саясаты комитеті
«Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ тапсырмасы бойынша
Шетелдегі қазақ диаспорасына арналып жазылған «Қазақ тілі» әмбебап оқулығы
(А1 – қарапайым деңгей)

Редакция алқасы:
Л.Есбосынова, А.Орманова, М.Дарменова

Авторлары:

Л.Ж. Бейсенбаева – PhD , Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының оқытушысы;

А.К. Балабеков - Назарбаев университеті университетінің қазақ тілі оқытушысы, филология магистрі;

А.С. Жакыпжанова - Орал қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Қазақ тілі: Қарапайым деңгей (А1): Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулық. – Нұр-Сұлтан: 2021. – 196 бет.

ISBN 978-601-7504-56-4

Б37 «Қазақ тілі» оқулығы тіл үйренушілердің қазақ тіліндегі коммуникативтік дағдылары мен тыңдап-түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды мақсат етеді. Оқулық қоғамдық өмірдің жағдаяттарын қамтып, тіл үйренушінің қатысымдық құзіретінің қалыптасуына ықпал ететін мазмұнда ұсынылған. А1 деңгейіне арналған тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларындағы тапсырмалар арқылы тіл үйренуші әртүрлі тақырыптар бойынша сөйлеуге және жазуға бейімдейді.

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Қаз-923

© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Тіл саясаты комитеті, 2021

МАЗМҰНЫ

ТАРАУ 1. ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР! 7

1.А Қазақстанға қош келдіңіздер! 8
1.Ә Әліпби әлемі 10
1.Б Танысқаныма қуаныштымын 12
1.В Ұлтым қазақ 14
1.Г Тарауды қайталау! 16

ТАРАУ 2. МЕН ЖӘНЕ ОТБАСЫМ 18

2.А Мен және отбасым 19
2.Ә Менің достарым 21
2.Б Менің көршім 23
2.В Демалыста 25
2.Г Тарауды қайталау 27

ТАРАУ 3. МЕНІҢ МЕКЕНЖАЙЫМ 28

3.А Менің мекенжайым 29
3.Ә Менің үйім 31
3.Б Менің бөлмем 33
3.В Тазалық күні 35
3.Г Тарауды қайталау 36

ТАРАУ 4. БІЗДІҢ ОТАНЫМЫЗ 37

4.А Біздің Отанымыз 38
4.Ә Менің қалам 39
4.Б Дәріхана қайда орналасқан? 41
4.В Жол көрсетіңізші 43
4.Г Тарауды қайталау 45

ТАРАУ 5. МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ 46

5.А Мамандықтар әлемі 47
5.Ә Мамандығыңыз кім? 49
5.Б Менің жұмысым 51
5.В Қауіпті және қызықты мамандықтар 53
5.Г Тарауды қайталау 55

ТАРАУ 6. МЕНІҢ БІР КҮНІМ 57

6.А Уақыт. Сағат 58
6.Ә Апта атаулары 61
6.Б Күн тәртібі 63
6.В Менің жұмыс күнім 65
6.Г Тарауды қайталау 67

ТАРАУ 7. ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ 68

7.А Жылдың төрт мезгілі 69
7.Ә Жыл он екі ай 71
7.Б Табиғат құбылыстары 73
7.В Ауа райы болжамы 74
7.Г Тарауды қайталау 76

ТАРАУ 8. КИІМ ДҮКЕНІ 78

8.А Киімнің түсі 79
8.Ә Қандай киімді таңдайсыз? 81
8.Б Маусымдық киімдер 83
8.В Сәнді киім 85
8.Г Тарауды Қайталау 87

ТАРАУ 9. МЕНІҢ СҮЙІКТІ ТАҒАМЫМ 88

9.А Мейрамханада 89
9.Ә Бауырсақ пісірейік 91
9.Б Менің сүйікті тағамым 93
9.В Ұлттық тағамдар 94
9.Г Тарауды қайталау 95

ТАРАУ 10. МЕНІҢ БОС УАҚЫТЫМ 96

10.А Менің бос уақытым 97
10.Ә Театрда 100
10.Б Қаладағы орындар 102
10.В Мұражайда 105
10.Г Тарауды қайталау 107

МАЗМҰНЫ

ТАРАУ 11. САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС 109

11.А Саяхатқа дайындық 110
11.Ә Әуежайда 113
11.Б Қонақүйде 115
11.В Қазақстанның көрікті жерлері 117
11.Г Тарауды қайталау 119

ТАРАУ 12. МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! 120

12.А Мереке және сыйлық 121
12.Ә Туған күн 123
12.Б Наурыз мерекесі 124
12.В Жаңа жыл 126
12.Г Тарауды қайталау 128

ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР 130

АУДИОМӘТІНДЕР 162

ТАПСЫРМА ЖАУАПТАРЫ 169

СӨЗДІК 191

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті, тіл үйренуші!

Сіз жаңа тіл әлеміне жол бастап, аса бай әрі көркем тіл – «Қазақ тілін» үйренуді мақсат етіп отырсыз. Ендеше, қолыңызға ұстап отырған кітабыңыз сізді еш жалықтырмайтынына сенімді болыңыз.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының тапсырысымен жазылған «Қазақ тілі А1» шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулығы тіл үйренушілердің тілдік қарым - қатынас әрекеттері мен тыңдап-түсіну, жазылым, сөйлесім, дағдыларын қалыптастыруды мақсат етеді.

Сіз қазақ тілін әліпбиден бастап үйреніп қана қоймай, күнделікті өмірге қажетті берілген шағын тақырыптарда ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай аласыз. Сонымен қоса, қажеттілікке сай сұрақтар қойып, қарапайым сұрақтарға жауап бере аласыз.

Оқулық қоғамдық өмірдің жағдаяттарын қамтып, тіл үйренушінің қатысымдық құзіретінің қалыптасуына ықпал ететін мазмұнда ұсынылған. Әрбір бетте берілген тақырыптар мен тапсырмалардың көркемдік безендірілуі қазақ ұлттық болмысын ашуға бағытталғандықтан, тіл үйренуші қабылдауына жеңіл жолды ұсынады.

А1 деңгейіне арналған тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларындағы тапсырмалар арқылы тіл үйренуші әртүрлі тақырыптар бойынша сөйлеуге және жазуға бейімделеді. Оқулық күнделікті өмірде қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға жеңіл әрі қарапайым түрде құрастырылған 12 тақырыптық тараудан тұрады.

Оқулықта берілген лексикалық тақырыптардың мазмұны жеңілден күрделіге ұстанымымен келесідей берілген:

1. Қош келдіңіздер
2. Мен және отбасым
3. Менің мекенжайым
4. Біздің Отанымыз
5. Менің мамандығым
6. Менің бір күнім
7. Жыл мезгілдері
8. Киім дүкені
9. Менің сүйікті тағамым
10. Менің бос уақытым
11. Саяхат және демалыс
12. Мереке құтты болсын!

Әрбір тарау бір бірімен мазмұндық байланыста берілген бірнеше шағын тақырыпшыларға (А, Ә, Б, В) топтастырылған және бекіту тапсырмалары бөлек тарау ретінде қамтылған. Берілген тапсырмалар (мәтіндер, сөздік қор, грамматикалық

нұсқаулық, оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдыларын қамтитын жаттығулар) жеңілден күрделіге ұстанымына сәйкес сұрыпталып, жүйелілік, сабақтастық, дамытушылық принциптеріне сай жазылған.

Оқулық соңында әр тарау бойынша сөздік, қосымша қайталау тапсырмалары, аудиомәтін және тапсырма жауаптары берілген. Бұл қосымшалар сізге өз-өзіңізді тексеру мен өтілген тақырыптарды қайталауға мүмкіндік береді.

Құрметті дос! Қазақ тіл әлеміне жасаған саяхатыңыз сәтті болсын! Келесі деңгейде кездескенше!

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

1.А Қазақстанға қош келдіңіздер!
1.Ә Әліпби әлемі
1.Б Танысқаныма қуаныштымын!!!
1.В Ұлтым Қазақ!!!
1.Г Тарауды қайталау

1
ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

Қазақстанға қош келдіңіздер!

Сәлемдесу
қоштасу
-лар/-лер

1 **Тыңдаңыз және қайталаңыз.**

А) __

Ә) __

Б) __

В) __

2 **Қайтадан тыңдаңыз және сәйкестендіріңіз.**

Назар аударыңыз!

Грамматика

Көптік жалғауы

Зат есім		Жалғау		Мысалдар
Ханым	+	***Дар***		Ханымдар
Әйел	+	***Дер***		Әйелдер
Мырза	+	***Лар***		Мырзалар
Ер	+	***Лер***		Ерлер
Қонақтар	+	***Тар***		Қонақтар
Көлік	+	***Тер***		Көліктер

3 **Тыңдаңыз және қайталаңыз!**







4 **Сағат бойынша сәлемдесу!**

06.00 - 10.00

06.00 - 10.00

18.00 - 00.00

00.00 - 06.00

5 **Тыңдаңыз және дұрыс жауапты жазыңыз!**

Сау болыңыз! Кездескеншe!

- Рақмет, жақсы! Өзің қалайсың?

- Сәлеметсіз бе! Қош келдік!

- Қайырлы кеш!!!

- Қайырлы таң, ана!!!

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

Әліпби әлемі

Дауысты, дауыссыз, ерекше, төл дыбыстар

1 **Әріптерді тыңдаңыз және қайталаңыз.**

Аа Ана	Әә **Әке**	Бб балық	Вв велосипед	Гг гүл	Ғғ **ғарыш**
Дд доп	Ее есік	Ёё шахтёр	Жж жұлдыз	Зз зымыран	Ии ит
Йй ай	Кк көбелек	Ққ **қасқыр**	Лл лақ	Мм мысық	Нн нан
Ңң **аң**	Оо от	Өө **өрмекші**	Пп піл	Рр радио	Сс сағат
Тт тауық	Уу уық	Ұұ **ұшақ**	Үү **үйрек**	Фф футбол	Хх хат
Һһ **жиһаз**	Цц цирк	Чч чемодан	Шш шырша	Щщ щётка	ъ
Ыы ыдыс	Іі **ірімшік**	ь коньки	Ээ эскаватор	Юю аю	Яя аяқ киім

2 **Тыңдаңыз және жазыңыз.**

....

....

3 **Тыңдаңыз және дұрыс нұсқаны белгілеңіз.**

☐ Ат	☐ Ата	☐ Доп	☐ От
☐ Қол	☐ Қал	☐ Қар	☐ Қас
☐ Аң	☐ Ай	☐ Нан	☐ Аю
☐ Сол	☐ Ол	☐ Сан	☐ Зан

Назар аударыңыз!

Грамматика

Дауысты

- жуан: А О Ұ Ы У
- жіңішке: Ә Е Ө Ү І И

Ерекше дыбыстар

- Ә Ү Ұ Ө і Ы
- Ң Ғ Қ

Дауыссыз

- П Ф К Қ Т С Ш Щ Х Ц Ч
- Б В Г Ғ Д Ж З Һ
- Р Л Й У М Н Ң

5 **Оқыңыз және қате нұсқаны табыңыз.**

☐ қала	☐ ата	☐ балык	☐ оң	☐ салеметсыз
☐ бала	☐ ұшақ	☐ үйрек	☐ фұтбол	☐ хат
☐ ләқ	☐ мысық	☐ нан	☐ аң	☐ от
☐ ана	☐ әке	☐ кездескенше	☐ сол	☐ піл
☐ ыдыс	☐ ірұмшік	☐ аға	☐ доп	☐ сүт

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

Танысқаныма қуаныштымын!!!

Сенің атың кім?
Менің атым…
Танысқаныма қуаныштымын.
Кешіріңіз
Көріскенше
Мен де ...
Иә
Жоқ

1 **Тыңдаңыз және оқыңыз.**

2 **Көршіңіздің атын сұраңыз.**

3 **Диалогты ретімен қойыңыз.**

№ ___ Айша: Сәлеметсіз бе

№ ___ Айдар: Сау болыңыз

№ ___ Айдар: Сәлеметсіз бе

№ ___ Айша: Кешіріңіз, сіздің атыңыз Айдар ма?

№ ___ Айша: Менің атым Айша.

№ ___ Айдар: Танысқаныма қуаныштымын.

№ ___ Айдар: Ия, менің атым Айдар. Сіздің атыңыз кім?

№ ___ Айша: Мен де қуаныштымын.

№ ___ Айша: Көріскенше.

Назар аударыңыз!

Грамматика

Менің атым ...
Сенің атың ....
Сіздің атыңыз ...
Оның аты ....

4 **Оқыңыз және қайталаңыз.**

Сандар:

0	нөл	**11**	он бір	**100**	жүз	**1 000**	мың
1	бір	**12**	он екі	**101**	жүз бір	**1 010**	мың он
2	екі	**20**	жиырма	**200**	екі жүз	**2 000**	екі мың
3	үш	**30**	отыз	**300**	үш жүз	**2 003**	екі мың үш
4	төрт	**40**	қырық	**400**	төрт жүз	**10 000**	он мың
5	бес	**50**	елі	**500**	бес жүз	**100 000**	жүз мың
6	алты	**60**	алпыс	**600**	алты жүз	**1 000 000**	бір миллион
7	жеті	**70**	жетпіс	**700**	жеті жүз	**3 000 000**	үш миллион
8	сегіз	**80**	сексен	**800**	сегіз жүз	**10 000 000**	он миллион
9	тоғыз	**90**	тоқсан	**900**	тоғыз жүз	**100 000 000**	жүз миллион
10	он					**1 000 000 000**	бір миллиард

5 **Сандарды сәйкестендіріңіз.**

7	екі мың бес
16	жүз жиырма
88	мың тоғыз жүз тоқсан сегіз
120	үш жүз елу алты
356	екі мың екі
1598	мың бес жүз тоқсан сегіз
1998	бес мың бес жүз
2002	сексен сегіз
2005	он алты
5500	жеті

6 **Үш адамның аты мен телефонын жазыңыз.**

1.
Аты _____
Телефоны _____

2.
Аты _____
Телефоны _____

3.
Аты _____
Телефоны _____

Шұғыл телефон нөмірлері:

Жедел жәрдем 103
Полиция 102
Өрт сөндіру 101
Айкөмек 109

Ұлтыңыз кім?
Ұлттар мен мемлекеттер.

1 **Таңысыңыз.**

Ту	Мемлекеттер	Ұлттар	Ресми тілі
	Америка Құрама Штаттары (АҚШ)	Американдық	Ағылшын тілі
	Әзірбайжан	Әзірбайжан	Әзірбайжан тілі
	Германия	Неміс	Неміс тілі
	Жапония	Жапон	Жапон тілі
	Испания	Испан	Испан тілі
	Италия	Италиян	Италиян тілі
	Қазақстан	Қазақ	Қазақ тілі
	Қырғызстан	Қырғыз	Қырғыз тілі
	Қытай	Қытай	Қытай тілі
	Моңғолия	Моңғол	Моңғол тілі
	Оңтүстік Корея	Корей	Корей тілі
	Өзбекстан	Өзбек	Өзбек тілі
	Ресей	Орыс	Орыс тілі
	Сауд Арабиясы	Араб	Араб тілі
	Түркия	Түрік	Түрік тілі
	Англия	Ағылшын	Ағылшын тілі
	Франция	Француз	Француз тілі

2 **Оқыңыз.**

Аты-жөні: Тамара Асар
Жынысы: әйел
Мемлекеті: Қазақстан
Ұлты: қазақ
Тілі: қазақ тілі

3 **Көрсетілген үлгі бойынша жазыңыз.**

.....
.....
.....
.....
.....
.....

.....
.....
.....
.....
.....
.....

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

Тарауды қайталау

1 **Қажетті сөздер мен тіркестерді қойыңыз.**

Кешіріңіз | *Сау болыңыз* | *Танысқаныма қуаныштымын* | *Марат мырза!!* | *Рахмет* | *Сәлеметсіз бе* | *Көріскеніше* | *Қош келдік* | *Сіздің атыңыз кім?*

– Қайырлы таң!!!

– .....

– Қош келдіңіз, Айша ханым!!

– .....

– Менің атым Жандос.

– .....

– Менің атым Сәуле.

– .....

– Мен де қуаныштымын.

2 **Өзіңіз туралы жазыңыз.**

3 **Диалог құрыңыз.**

A: *Сәлеметсіз бе!*

B: .....

A: .....

B: .....

A: .....

B: .....

A: .....

B: .....

A: .....

B: *Кездескеніше.*

4 **Қате жазылған сөзді табыңыз.**

☐ Баладар	☐ Қалам	☐ Телефон
☐ Қала	☐ Орынтық	☐ Қоқыз
☐ Мұғалім	☐ Көлік	☐ Көрші
☐ Кітәптар	☐ Дастарһан	☐ Мысық

5 **Көптік жалғауын жалғаңыз.**

1. Дәптер*лер*____
2. Кітап_____
3. Ана_____
4. Оқушы_____
5. Қалам_____
6. Ханым_____
7. Ата_____
8. Сағат_____

6 **Телефон нөмірлерін айтыңыз.**

8 778 589 3574	8 701 788 8945
8 777 506 4163	8 775 416 2743
8 707 426 7467	8 776 478 5871

7 **Сандарды жазыңыз.**

5 - *бес*..... 19 - ..... 270 - .....

2050 - ..... 44 - ..... 1035 - .....

2

ТАРАУ

МЕН ЖӘНЕ ОТБАСЫМ

2.А Мен және отбасым
2.Ә Менің достарым
2.Б Менің көршім
2.В Демалыста
2.Г Тарауды қайталау

1 **Оқыңыз.**

Менің отбасым бар!
Анамның аты Гүлнар
Анам 40 жаста

Сәлем, достар!!
Менің атым – Айжан. Мен 16 жастамын. Мынау менің отбасым. Анамның аты – Гүлнар. Анам 40 жаста. Әкемнің аты – Мұрат. Әкем 45 жаста. Мынау менің інім. Аты – Қайрат. Інім 9 жаста. Менің әжем мен атам бар.

Сәлеметсіздер ме !!
Менің атым – Қайрат. Мен 9 жастамын. Мынау менің отбасым. Мынау менің әпкем. Әпкемнің аты Айжан. Ол 16 жаста. Әжемнің аты – Сәуле, ал атамның аты – Ержан. Ол 65 жаста.

2 **Есімдерді қойыңыз.**

_____ – Айжанның анасы

_____ – Қайраттың әпкесі

_____ – Қайраттың әкесі

_____ – Айжанның інісі

Әке, ана, әже, ата, аға, ұл, бала, қыз, әпке, іні, аға, сіңлі, немере, қарындас, күйеу, әйел.

4 **Жалғауларды қойыңыз.**

1. Айжан – Гүлнар*дың қызы*.
2. Гүлнар - Айжан_____.
3. Қайрат - Айжан_____.
4. Қайрат –Мұрат_____.
5. Сәуле – Мұрат_____.
6. Ержан – Қайрат_____.
7. Гүлнар – Мұрат_____.

Есте сақтаңыз!

Сіңлі
Қарындас

Назар аударыңыз!

Грамматика

Айжанның анасы
Қайраттың әкесі
Гүлнардың қызы

5 **Тыңдаңыз және дұрыс немесе бұрыс жауапты белгілеңіз.**

	дұрыс	бұрыс
Менің әжем бар.		
Атам 60 жаста.		
Менің 2 ағам бар.		
Менің әпкемнің аты Маржан.		
Менің сіңлім жоқ.		

1 **Хатты оқыңыз.**

Истанбұлдан сәлем!

Сәлеметсіз бе, Анашым!

Қалыңыз қалай? Менде бәрі жақсы. Менің жаңа достарым көп. Жақын достарым - Айлин және Лиза. Айлин 18 жаста. Оның ұлты Түрік. Айлин түрікше, ағылшынша және қазақша біледі. Ол әдемі және жақсы қыз. Айлиннің ағасы, сіңлісі бар. Айлиннің үлкен ағасы 20 жаста, ал сіңлісі 15 жаста.

Менің атамның, әжемнің, әкемнің, інімнің қалдары қалай? Сәлем айтыңыз!

Сәлеммен қызыңыз Айжан.

ақ
қара
қызыл
қоңыр
көк
жасыл
сары

сыртқы келбет
шаш
ұзын
қысқа
бойы
аласа
көзі
үлкен

2 **Хатты қайтадан оқыңыз және сөйлемді аяқтаңыз.**

1. Айлин_____ жаңа достар_____ көп.
2. Айлин_____ жақын достар_____.
3. Айлин_____ сіңлі_____ және әпке_____ бар.
4. Айлин_____ үлкен аға_____ 20 жаста, сіңлі_____ 15 жаста.

3 **Жауап хатты оқыңыз.**

Алматыдан сәлем!!!!!

Сәлем, қызым Айжан!!!

Бізде бәрі жақсы! Сенің қалың қалай? Истанбұл қалай? Атаң мен әжеңнің, әкең мен ініңнің қалдары жақсы. Лиза қандай қыз? Ұлты кім? Достарыңа сәлем айт!

Сәлеммен Анаң.

4 **Түстер мен атауларын сәйкестендіріңіз.**

Қызыл ☐	☐
Қара ☐	☐
Ақ ☐	☐
Көк ☐	☐
Жасыл ☐	☐
Қоңыр ☐	☐
Сары ☐	☐

5 **Айжанның анасына жазған хатын тыңдаңыз және суретті сәйкестендіріңіз.**

Шашы биік ___ / аласа ___

Бойы ұзын ___ / қысқа ___

Көзі қара ___ / көк ___

Үлкен кішкентай

Сары қоңыр

6 **Айжанның анасына жазған хатын қайтадан тыңдаңыз және кестені толықтырыңыз.**

Аты	*Айжан*	*Айлин*	*Лиза*
Мемлекеті	Қазақстан		
Ұлты	Қазақ		
Тілі	Қазақ тілі		
Жасы	18		
Бойы	Орташа		
Шашы	Ұзын		

7 **Үлгі бойынша досыңызды сипаттаңыз.**

1 **Мәтінді тыңдаңыз.**

Айжан: Айлин, бұл менің көршім. Оның аты Марат. Ол өте ақылды,білімді Мейірімді және жақсы көрші .

Айлин: Айжан, Марат қазақ па?

Айжан: Қазақ емес, татар. Бірақ ол қазақша, орысша ағылшынша біледі.

Айлин: Марат неше жаста?

Айжан: Марат 19 жаста. Оның бойы ұзын, шашы қара.

Көршің ұнайды ма?

2 **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1) Марат кім?
2) Мараттың ұлты кім?
3) Марат қандай көрші?
4) Марат неше жаста?

Сөз әлемі Жаңа сөздермен танысыңыз

Қандай?

Жақсы	Жаман
Ақылды	Ақымақ
Білімді	Білімсіз
Тыныш	Шулы
Мейірімді	Ашулы
Батыл	Қорқақ
Көрікті	Көріксіз

3 **Суреттерге қарап, көршілерді сипаттаңыз.**

шулы ашулы мейірімді





1. _____ 2. _____ 3. _____

4 **«Емес» сөзін қолданып, сөйлем жазыңыз.**

1.	Жаман	Жақсы	*Мына қалам жаман **емес**, жақсы.*
2.	Ақылды	Ақымақ	
3.	Білімді	Білімсіз	
4.	Тыныш	Шулы	
5.	Мейірімді	Ашулы	
6.	Батыл	Қорқақ	
7.	Көрікті	Көріксіз	

5 **Көршіңізді сипаттаңыз.**

1 **Оқыңыз.**

Сәлем, менің атым Айман. Бұл демалыс күнім

Мен әдетте демалыс күндері отбасыммен және достарыммен бірге демаламын.

Анам мен әжем дастархан дайындайды. Мен көмектесемін.

Атам мен інім шахмат ойнайды.

Әкем кітап оқиды және демалады. Менің отбасым тату!

әдетте
демалыс күндері
дастархан дайындау
шахмат ойнау

Назар аударыңыз!

Грамматика

Мен ойнаймын.
Мен ойнамаймын.

Сен ойнайсың.
Сен ойнамайсың.

Сіз ойнайсыз.
Сіз ойнамайсыз.

2 **Айманның демалыс күні туралы мәтінді оқыңыз және сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Айман демалысты **кіммен** өткізеді?
2. Айманның отбасы қандай?
3. Айманның отбасында кімдер бар?

3 **Оқыңыз және дұрыс немесе бұрыс жауапты белгілеңіз.**

	дұрыс	бұрыс
1. Айман демалыс күнін көршісімен өткізеді	☐	☐
2. Айман демалыс күнін отбасымен өткізбейді	☐	☐
3. Әдетте Айманның анасы мен әжесі дастархан дайындайды.	☐	☐
4. Айманның Әкесі кітап оқиды және демалады.	☐	☐
5. Айманның атасы мен інісі футбол ойнайды.	☐	☐

4 ***Кіммен?*** **деген сұраққа дұрыс жауапты жазыңыз.**

Анам_____, әкем_____, отбасым_____,

достарым_____, ана_____, әже_____, ата_____,

аға_____, бала_____, немере_____.

Кіммен?

отбасыммен және достарыммен

Маратпен

5 **Демалыс күніңізді кіммен өткізесіз? Не істейсіз? Жазыңыз.**

1 **Тиісті сөздерді жазыңыз.**

қазақша • жақсы • қара • ұзын • аты • жаста • мемлекеті • ұлты

Менің досымның 1 _____ Санжар. Санжардың 2 _____ Өзбекстан. Оның 3 _____ өзбек. Бірақ ол 4 _____ біледі. Санжар жиырма 5 _____ Оның бойы – 6 _____, көзі – 7 _____. Санжар – 8 _____ дос.

2 **Маған кім болады?**

1. Ата	а. Анамның күйеуі
2. Әже	ә. Әкемнің әкесі
3. Әке	б. Әкемнің әйелі
4. Ана	в. Әкемнің анасы
5. Аға	г. Әкем мен анамның кенже қызы
6. Қарындас	ғ. Әкем мен анамның үлкен ұлы

3 **Дұрысын таңдаңыз.**

1. Демалыс күнімді ☐отбасыммен / ☐отбасымның өткіземін.
2. Асқар кітап ☐оқимын / ☐оқиды.
3. Анам дастархан ☐дайындайды / ☐дайындаймын.
4. Мен ☐көмектеседі / ☐көмектесемін.
5. Інім футбол ☐ойнайды / ☐ойнаймын.
6. Әкем ☐демаламын / ☐демалады.

4 **Қарсылықты мағында жазыңыз.**

1. Ағамның досы жаман емес, *ағамның досы – жақсы*.
2. Менің інім ақымақ емес, _____.
3. Менің қарындасым көріксіз емес, _____.
4. Менің көршім шулы емес, _____.
5. Менің ағам қорқақ емес, _____.

5 **Түстері қандай?**

Аюдың түсі	Гүлдің түсі	Үйректің түсі	Шыршаның түсі	Ірімшіктің түсі
_____	_____	_____	_____	_____

3

ТАРАУ

МЕНІҢ МЕКЕНЖАЙЫМ

3.А Менің мекенжайым
3.Ә Менің үйім
3.Б Менің бөлмем
3.В Тазалық күні
3.Г Тарауды қайталау

1 **Хабарландыруды оқыңыз.**

хабарландыру
сатылады
мекенжай
аудан
көше
пәтер
тұрғын үйі
мектеп
балабақша
дүкен
баға
үй иесі

Хабарландыру

Нұр-сұлтан қаласында 3 бөлмелі үлкен үй сатылады. Мекенжайы: Есіл ауданы, Достық көшесі 5, 24-пәтер. Нұрсая тұрғын үйі. Интернет пен телефон бар. Жанында мектеп, балабақша, дүкен бар. Үй қыста жылы. Бағасы 30 миллион теңге. Сұрақтар бойынша 8 778 945 53 62 нөміріне хабарласыңыз. Үй иесі - Айдос.

8 778 945 53 62
8 778 945 53 62
8 778 945 53 62
8 778 945 53 62
8 778 945 53 62
8 778 945 53 62
8 778 945 53 62
8 778 945 53 62

2 **Диалогті тыңдаңыз және сұраулық шылауды қойыңыз.**

Айдос: Алло, тыңдап тұрмын.

Сатып алушы: Сәлеметсіз бе,сіз Айдоссыз_____1 ?

Айдос: Сәлеметсіз бе, иә, Айдоспын.

Сатып алушы: Хабарландырудағы 3 бөлмелі үлкен үй сатылады_____2?

Айдос: Иә, сатылады.

Сатып алушы: Келіп көруге бола_____3?

Айдос: Әрине, болады.



3 **Бірінші тапсырмадағы хабарландыруда сатып алушының сөздерін толықтырыңыз.**

– Такси! Маған _____1 бару керек.
– Нақты мекен жайыңыз қандай?
– _____2
– Нұрсая тұрғын үйі ме?
– Иә, _____3 үйі.

Назар аударыңыз!

Иә / Жоқ жауаптарын қажет ететін сұрақтар:
Бола ма?
Айдоссыз ба?

4 **Сатып алушы мен сатушы арасындағы диалогты оқыңыз.**

Сатушы: Сәлеметсіз бе, қош келдіңіз! Кіріңіз.

Сатып алушы: Сәлеметсіз бе!

Сатушы: Мынау қонақ бөлмесі. Қонақ бөлмесі кең және жарық. Мынау асүй. Асүй шағын, бірақ ыңғайлы.

Сатып алушы: Маған ұнайды, ал бұл жатын бөлме ме?

Сатушы: Жоқ, бұл балалар бөлмесі. Балалар бөлмесі де кең. Мынау жатын бөлме.

Сатып алушы: Үйде неше жуынатын бөлме және дәретхана бар?

Сатушы: Бір жуынатын бөлме және екі дәретхана бар.

Сатып алушы: Балкон бар ма?

Сатушы: Иә, екі балкон бар.

5 **Сіздің ойыңызша хабарландырудағы пәтер сатыла ма?**

1 Суреттер мен бөлмелердің атауын сәйкестендіріңіз.

1. Ас бөлмесі
2. Дәретхана
3. Жатын бөлмесі
4. Балалар бөлмесі
5. Қонақ бөлмесі

ас үй
дәретхана
жатын бөлме
қонақ бөлме
балалар бөлмесі


№ _____

№ _____

№ _____

№ _____

№ _____

2 **Сәлем достар! Менің жаңа пәтеріме қош келдіңіздер! Жаңа үйім кең және жарық. Мынау менің жиһаздарым. Жиһаздарды бөлмелерге орналастырайық.**

Бөлмелер	Жиһаздар			
Жуынатын бөлме:	_____	_____	_____	_____
Қонақ бөлме:	_____	_____	_____	_____
Ас бөлмесі:	_____	_____	_____	_____
Жатын бөлме:	_____	_____	_____	_____
Балалар бөлмесі	_____	_____	_____	_____

1. шам

2. диван

3. үстел

4. Кереует

5. ванна

6. теледидар

7. сөре

8. Кілем

9. шкаф

10. тоңазытқыш

11. пеш

12. Орындық

13. компьютер

14. кір жуғыш-машина

15. кресло

16. қысқа толқынды пеш

3 **Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойыңыз.**

Орын...ық, кереу...т, ш...м, сур...ет, тер...зе, ү...тел, телед...дар, с...ре, ес...к, қаб...рға

1 **Көмекші сөздерді оқыңыз.**

ішінде
жоғарыда
үстінде
жанында
артында
алдында
қасында
астында
арасында

2 **Бөлмеде қандай жиһаздар бар?**



3 **Сөйлемдерді көмекші сөздермен толықтырыңыз.**

Кітаптар сөренің _____ тұр. Шам _____ тұр. Сөренің _____ кітап жатыр. Үстелдің _____ папка тұр. Кереуеттің _____ екі кресло тұр. Мектептің _____ көп бала тұр. Біздің үйіміздің _____ үлкен сауда үйі тұр. Жастықтар _____ жатыр.

4 **Етістіктерге мән беріңіз.**

Тұр *Отыр* *Жатыр* *Жүр*

5 **Көмекші сөздерді қолданып, өз бөлмеңізді сипаттаңыз.**

_____

_____

_____

_____

МЕНІҢ МЕКЕНЖАЙЫМ

Тазалық күні

айна сүрту
шаңды сүрту
еденді жуу
төсек жинау
ыдыс жуу
кір жуу
киімдерді жинау
қоқыс шығару

1 **Мәтінді оқыңыз.**

Менің төрт немерем бар.75 жастамын. Бүгін – тазалық күні. Үлкен немерем, Айсұлу ыдыс жуады, содан кейін кір жуады. Ортаншы немерем Жанар шаңды сүртеді және еденді жуады. Алтынай айнаны сүртеді. Үйдің кенжесі Мақсат қоқысты шығарады. Мен тек төсегімді жинаймын. Мен немерелерімді жақсы көремін.

2 **Мәтінде асты сызылған тіркестерді сәйкестендіріңіз.**

Айнаны сүртемін

Шаңды сүртемін

Еденді жуамын

Төсегімді жинаймын

Ыдыс жуамын

Кір жуамын

Киімдерімді жинаймын

Қоқысты шығарамын

Назар аударыңыз!

Нені?		Еденді
		Шаңды
		Айнаны
		Ыдысты

Кімді?		Әжемді
		Айжанды
		Немеремді
		Әкемді

-ды -ді,-ты,-ті, -ны, -ні

3 **Әженің немерелері нені жинайды?**

Айсұлу: Мен ыдысты жуамын, Жанар кірді жуады.

Жанар: Жоқ, мен кірді жумаймын, шаңды сүртемін.

Айсұлу: Жарайды, кірді мен жуамын, сен еденді жуасың.

Жанар: Жарайды мен еденді жуамын, Алтынай айнаны сүртеді және төсекті жинайды.

Алтынай: Мен айнаны сүртемін, төсекті жинамаймын.

Әже: Балалар,төсекті мен жинаймын, Мақсат қоқыс шығарады.

Мақсат: Жарайды, мен қоқысты шығарамын.

Кестені толтырыңыз.

Кім	не істейді:	не істемейді:
Айсұлу:		
Жанар:		
Мақсат:		
Алтынай:		
Алтынай:		

4 **«Менің тазалық күнім» тақырыбында әңгіме құрастрыңыз.**

МЕНІҢ МЕКЕНЖАЙЫМ

Тарауды қайталау

1 **Иә, жоқ жауаптарын беріңіз.**

1. Сіздің пәтеріңіз жаңа ма?

Иә, *менің пәтерім жаңа.*

Жоқ, *менің пәтерім жаңа емес.*

2. Айдостың үйі жарық па?

Иә, _____.

Жоқ, _____.

3. Мынау жатын бөлме ме?

Иә, _____.

Жоқ, _____.

4. Асүй кең бе?

Иә, _____.

Жоқ, _____.

5. Үй иесі қазақ па?

Иә, _____.

Жоқ, _____.

2 **Сәйкестендіріңіз.**

а. Үстінде ☐

ә. Алдында ☐

б. Астында ☐

в. Жанында ☐

г. Қасында ☐

☐ 1. Диванның кресло бар.

☐ 2. Үстелдің кітаптар жатыр.

☐ 3. Кереуеттің шкаф бар.

☐ 4. Үстелдің орындықтар бар.

☐ 5. Теледидардың диван бар.

3 **Сәйкестендіріңіз.**

Сүртеміз **жуамыз** **жинаймыз** **шығарамыз**

1. еден
2. ыдыс
3. кір

→ _____

1. айна
2. шаң

→ _____

1. төсек
2. киім

→ _____

1. қоқыс

→ _____

БІЗДІҢ ОТАНЫМЫЗ

4.А Біздің Отанымыз
4.Ә Менің қалам
4.Б Дәріхана қайда орналасқан?
4.В Жол көрсетіңізші
4.Г Тарауды қайталау

4
ТАРАУ

Тәуелсіз мемлекет
мемлекеттік тіл
халық
Астана
қала
жер көлемі
әлем
ұлттық валюта
орналасқан

1 **Мәтінді оқыңыз.**

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Бірақ Қазақстан халқы үш тілде сөйлейді. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдері. Астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы. Жер көлемі жағынан Қазақстан әлемде 9-орында. Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге. Қазақстан төрт мемлекетпен көрші.

2 **Сөйлемдердегі қателерді түзетіңіз.**

А. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. _____

Ә. Қазақстанның астанасы – Алматы қаласы. _____

Б. Қазақстан халқы екі тілде сөйлейді. _____

В. Қазақстанның мемлекеттік тілі – ағылшын тілі. _____

Г. Жер көлемі кішкентай. _____

Ғ. Қазақстанның ұлттық валютасы – доллар. _____

3 **Картада қалалардың қай жерде орналасқанын айтыңыз.**

Ақтау Нұр-Сұлтан Алматы Қарағанды Семей Шымкент Орал	Қаласы	☐ Солтүстік Қазақстанда ☐ Оңтүстік Қазақстанда ☐ Шығыс Қазақстанда ☐ Батыс Қазақстанда	Орналасқан.

1 **Сипаттамаларды оқыңыз және қаланың аттарын жазыңыз.**

оңтүстік
солтүстік
шығыс
батыс
көп қабатты үй
жер үй
тұрғые үй кешені

өзен
тарих
аудан
даңғыл
ықшам аудан
пәтер

_____

Мен Алматы қаласында тұрамын. Алматы қаласы Қазақстанның оңтүстік астанасы. Алматы – тарихи қала. Қаланың табиғаты әдемі. Мен Көктебенің жанында екі қабатты жер үйде тұрамын. Бірақ әдемі жерде орналасқан. Үйімнің терезесінен Көктебе мен сұлу табиғат көрінеді.



_____

Мен Нұр-сұлтан қаласында тұрамын. Нұр-сұлтан қаласы Қазақстанның жаңа астанасы. Нұр-сұлтан қаласының ғимараттары әдемі. Мен Бәйтеректің жанында, «Нұрсая» тұрғын үй кешенінде тұрамын. Үйім көп қабатты және әдемі. Мен жетінші қабатта тұрамын. Үйімнің терезесінен биік ғимараттар, Есіл өзені көрінеді.

2 **Мәтіндерді оқып, қалаларды табыңыз.**

Қай қала?	**Нұр-Сұлтан**	**Алматы**
Қазақстанның оңтүстік астанасы.	☐	☐
Бәйтерек , «Нұрсая» тұрғын үй кешені бар	☐	☐
Қаланың табиғаты әдемі.	☐	☐
Тарихи қала.	☐	☐
Қазақстанның жаңа астанасы.	☐	☐
Көктебе және сұлу табиғаты бар.	☐	☐
Жаңа, биік ғимараттары бар	☐	☐
Есіл өзені бар.	☐	☐

3 **Кестедегі рет бойынша қалаңыздан үйіңізге дейінгі бағытта жүріп өтіңіз.**



Назар аударыңыз!

МЕН	АЛМАТЫДА	ТҰРАМЫН	ТҰРМАЙМЫН
СЕН		ТҰРАСЫҢ	ТҰРМАЙСЫҢ
СІЗ		ТҰРАСЫЗ	ТҰРМАЙСЫЗ
ОЛ		ТҰРАДЫ	ТҰРМАЙДЫ

4 **Кестедегі рет бойынша мекенжайыңызды сипаттаңыз.**

Қалалар:	Ақтау	Нұр-Сұлтан	Алматы
Ауылдар:	Абай	Қарсақпай	Зайсан
Аудандар:	Есіл	Байқоңыр	Алматы,
Даңғылдар:	Тәуелсіздік,	Ұлы- дала	Момышұлы
Көше:	Байтұрсынов	Қажымұқан	Әуезов
Үй:	63	76	88
Пәтер:	64	99	55

Дәріхана қай жерде?

1 Суреттер мен сөздерді сәйкестендіріңіз.

банк
дәріхана
мейрамхана
аурухана
университет
дүкен
мектеп
әуежай
қонақүй
кинотеатр
саябақ
емхана
вокзал
стадион
автотұрақ
оң жағында
сол жағында
жанында
қарама қарсы



1. банк	6. мектеп	11. вокзал	16. аялдама
2. дүкен	7. емхана	12. автотұрақ	17. университет
3. саябақ	8. стадион	13. аурухана	18. кинотеатр
4. мұражай	9. мейрамхана	14. қонақүй	19. зоопарк
5. дәріхана	10. әуежай	15. кітапхана	20. зауыт

2 **Көмекші сөздерді қолданып, сөйлемдерді толықтырыңыз .**

оң жағында • сол жағында • жанында • қарама-қарсысында орналасқан

1. Дәріхана мектептің _____.
2. Мектеп аурухананың _____ орналасқан.
3. Емхана университеттің _____ орналасқан.
4. Стадион қонақүйдің _____ тұр.
5. Банк дүкеннің _____.
6. Дүкен мейрамхананың _____ орналасқан.
7. Аялдама қонақүйдің _____.
8. Поштаның _____ дәріхана тұр.

3 **Не қай жерде орналасқан?**

Суретке қарап, ғимараттардың қай көшеде, қайда орналасқанын айтыңыз.



1 **Аудиомәтінді тыңдаңыз.**

А.

– Кешіріңіз, Ұлттық кітапхана қай жерде?

– Мен білмеймін, турист едім.

Ә.

– Кешіріңіз, қарындас. Ұлттық кітапхана қай жерде?
– Ұлттық кітапхана ма? Министірлер үйінен тура жүріңіз. Достық көшесінде оңға бұрылыңыз. Жолдан өтіңіз. Алдыңыздан Ұлттық кітапхана ғимаратын көресіз.
– Рахмет
– Оқасы жоқ

солға бұрылыңыз
оңға бұрылыңыз
тура жүріңіз
жолдан өтіңіз

2 **Аудиомәтін бойынша дұрыс немесе бұрыс жауапты белгіліңіз.**

	дұрыс	бұрыс
1. Министірлер үйінен солға бұрылыңыз.		
2. Достық көшесінде солға бұрылыңыз.		
3. Артыңызда Ұлттық кітапхана ғимаратын көресіз.		
4. Түркістан көшесінде оңға бұрылыңыз.		
5. Жолдан өтпеңіз.		

3 **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Турист ұлттық кітапхананың қайда екенін біле ме?
2. Жолаушы ненің қайда екенін сұрады?
3. Аудиомәтіндегі нешінші жолаушы жол көрсетті?

4 **Мен адасып қалдым. Жол көрсетіп жіберіңізші. Картаға қарап жол көрсетіңіз.**

1. Мейрамхана қайда орналасқан?
2. Қонақүй қайда орналасқан?
3. Мейрамхана қайда орналасқан?
4. Асхана қайда орналасқан?
5. Университет қайда орналасқан?

Солға, оңға бұрылыңыз, тіке жүріңіз

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

1 **Сөйлемдерді толықтырыңыз.**

Мен _____ тұрамын. Ол жерде менің _____ бар. Менің ата - анам _____ тұрады. Менің ағам _____ _____. Менің досым/құрбым _____ _____. Оның пәтері/үйі _____. Менің ағам _____.

2 **Сөздерді ретімен қойыңыз.**

1. Сіз/Алматы /тұрасыз ба/қаласында? _____
2. ба?/ауылда/Сен/тұрасың _____
3.Сіздің/ма?/пәтеріңіз/бесінші қабатта _____
4. тұра/ма?/үйде /Ол/отызыншы _____
5. тұрасың?/нешінші/Сен/пәтерде _____
6. мекенжайыңыз/қандай?/Сіздің _____

3 **Тиісті сөздерді қойыңыз.**

Айна: - Ало, Мақсат, сәлем! Мекенжайың қандай? Мен адасып қалдым.
Мақсат: - Сәлем, Айна. Момышұлы1……,14 үй.
Айна: - Үйдің жанында не 2..... ?
Мақсат: - Үйдің жанында кітап 3..... орналасқан.
Айна: - Мақсат, кітап дүкенінің 4……..ма ?
Мақсат: - Иә, жолдан өтесің.
Айна: - Рахмет.



5

ТАРАУ

МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ

5.А Мамандықтар әлемі
5.Ә Мамандығыңыз кім?
5.Б Менің жұмысым
5.В Қауіпті және қызықты мамандықтар
5.Г Тарауды қайталау

1 Оқыңыз, есте сақтаңыз.

құрылысшы

мұғалім

қызметші

дәрігер

аспаз

шаштараз

суретші

ғарышкер

сатушы

тігінші

кітапханашы

аудармашы

күзетші

қаржыгер

биші

сәулетші

медбике

хатшы

жаттықтырушы

фотограф

заңгер

журналист

есепші

дизайнер

2 **Бос орындарға қажет мамандықты жазыңыз.**

_____ би билейді
_____ ән айтады
_____ киім тігеді
_____ сурет салады
_____ шаш қияды
_____ адамдарды емдейді
_____ бала оқытады
_____ сатады
_____ кітап береді
_____ күзетеді
_____ фотоға түсіреді
_____ тамақ пісіреді
_____ спортшыларды жаттықтырады
_____ басқа тілден аударады

3 **Бос орындарды толықтырыңыз. Диалог құрыңыз.**

– Сіз қандай мамандықтарды білесіз?
– Мен _____, _____, _____, _____, _____ деген мамандықтарды білемін
– Сізге қандай мамандық ұнайды?
– Маған _____ мамандығы ұнайды.
– Сіздің жұмыста қандай мамандар бар?
– Біздің жұмыста _____, _____, _____ жұмыс жасайды.
– Сіздің жұмыста хатшы бар ма?
– Жұмыста хатшы _____.

4 **Жауап беріңіз.**

- Самат үй салады. Ол кім?
- Сымбат адамдардың тісін емдейді. Ол кім?
- Болат жаңалықтарды жүргізеді. Ол кім?
- Әсем құжаттарды аударады? Ол кім?
- Әлия азық-түлік сатады. Ол кім?
- Асхат балаларды жаттықтырады. Ол кім

1 **Сөздерді оқыңыз және сөздіктен қараңыз.**

Жұмыс | *Еңбек өтілі* | *Жақсы көру* | *Жұмыс жасау*

2 **Үлгіге қарап, жауап беріңіз.**

Үлгі: *– Сіз бишісіз бе?*
– Жоқ, мен әншімін

– Сіз дәрігерсіз бе?
– Жоқ, мен _____

– Сіз мұғалімсіз бе?
– Жоқ, мен _____

– Сіз заңгерсіз бе?
– Иә, мен _____

– Сіз аспазсыз ба?
– Иә, мен _____

Назар аударыңыз!

Жіктік жалғауы.

Жіктік жалғауы адамның кім екенін, кәсібін көрсететін зат есімдерге жалғанады. Мысалы. Мен ***мұғаліммін, сіз дәрігерсіз, ол әнші***.

Жақ	**Қосымшалары**	
	Жекеше	**Көпше**
I жақ Мен/Біз	*-мын, -мін, -бын,-бін, -пын, -пін*	*-мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз*
II жақ Сен/Сіз Сендер/Сіздер	*-сың,-сің, -сыз, -сіз*	*-сыңдар, -сіңдер, -сыздар, -сіздер*
III жақ Ол/Олар	*Жалғауы жоқ*	*Жалғауы жоқ*

Жекеше	**Көпше**
Мен мұғалім**мін**	Біз мұғалім**біз**
Сен мұғалім**сің**.	Сендер мұғалім**сіңдер**
Сіз мұғалім**сіз**	Сіздер мұғалім**сіздер**
Ол мұғалім	Олар мұғалім

3 **Үлгіге қараңыз, жазыңыз.**

Мен аударма**шы**____, суретші____, медбике____.

Сен аударма**шы**____, суретші____, медбике____.

Сіз аударма**шы**____, суретші____, медбике____.

Ол аударма**шы**____, суретші____, медбике____.

Біз аударма**шы**____, суретші____, медбике____.

Сендер аударма**шы**____, суретші____, медбике____.

Сіздер аударма**шы**____, суретші____, медбике____.

Олар аударма**шы**____, суретші____, медбике____.

4 **Диалогті тыңдаңыз, қажет сөзді жазыңыз.**

Дастан: *Сәлем, Дина!*

Дина: *Сәлем, Дастан!*

Дастан: *Сенің мамандығың кім?*

Дина: *Мен _____ . Сен _____ бе?*

Дастан: *Жоқ, мен _____.*

Дина: *Еңбек өтілің қанша жыл?*

Дастан: *Еңбек өтілім _____ жыл. Сенде?*

Дина: *Менің еңбек өтілім _____ жыл.*

Дастан: *Жұмысыңды жақсы көресің бе?*

Дина: *Әрине, _____.*

5 **Мамандығыңыз туралы айтыңыз.**

Мамандығыңыз кім?	Мен _____
Қайда жұмыс жасайсыз?	Мен _____ жұмыс жасаймын
Еңбек өтіліңіз неше жыл?	Еңбек өтілім _____
Мамандығыңызды жақсы көресіз бе?	Иә, _____; жоқ _____

1 **Керек сөзді жазыңыз.**

Аурухана • банк • мейрамхана • дәріхана • құрылыс • дүкен

_____ _____ _____

_____ _____ _____

2 **Сұрақ қойыңыз.**

- Қаржыгер банкте жұмыс жасайды. *Қаржыгер қайда жұмыс жасайды?*
- Фармацевт дәріханада жұмыс жасайды. _____
- Құрылысшы құрылыста жұмыс жасайды. _____
- Аспаз мейрамханада жұмыс жасайды. _____
- Дәрігер ауруханада жұмыс жасайды. _____
- Сатушы дүкенде жұмыс жасайды. _____

3 **Сөздер қай мамандыққа қатысты? Сәйкестендіріңіз.**

1. Заңгер	☐	☐	А. Ине, жіп, тігін машинасы
2. Мұғалім	☐	☐	Ә. Заң, құжат, компьютер
3. Тігінші	☐	☐	Б. Кітап, тақта, қалам
4. Қаржыгер	☐	☐	В. Ақша, калькулятор, есеп

4 **Рөлге бөліп оқыңыз.**

- Сәлеметсіз бе! Бұл фирмаға қандай мақсатта келдіңіз?
- Сәлеметсіз бе! Осы фирмада жұмыс жасағым келеді.
- Есіміңіз кім?
- Есімім – Сымбат.
- Мамандығыңыз?
- Менің мамандығым – қаржыгер.
- Біліміңіз қандай?
- Білімім - жоғары.
- Қайда оқыдыңыз?
- Мен Лондонда оқыдым.
- Бұрын қайда жұмыс жасадыңыз?
- Банкте жұмыс жасадым.
- Еңбек өтіліңіз неше жыл?
- Еңбек өтілім – 9 жыл.



5 **Жауап беріңіз.**

1. Сымбат фирмаға қандай мақсатта келді?
А) сұхбат алуға
Ә) жұмысқа кіруге
Б) жұмыстан шығуға

2. Сымбат неше жыл жұмыс жасаған?
А) 9 жыл
Ә) 19 жыл
Б) 10 жыл

3. Сымбат бұрын жұмыс жасаған ба?
А) иә
Ә) жоқ
Б) айтылған жоқ

4. Сымбат қайда оқыған?
А) Шетелде
Ә) Қазақстанда
Б) айтылған жоқ

6 **Диалог құрыңыз.**

- Қайда жұмыс жасайсыз?
- Кім болып жұмыс жасайсыз?
- Еңбек өтіліңіз қанша жыл?
- Неше жерде жұмыс жасадыңыз?



1 **Сәйкестендіріңіз.**





Өрт сөндіруші *Ұшқыш* *Әртіс* *Полиция* *Бағдарламашы* *Сиқыршы*

2 **Бос орындарға қажет мамандықты қойыңыз.**

1. Өрт сөндіретін адам _____.
2. Ұшақты басқаратын адам _____.
3. Театрда жұмыс істейтін адам _____.
4. Адамдарды қорғайтын адам _____.
5. Циркте жұмыс жасайтын адам _____.
6. Компьютерде көп жұмыс жасайтын адам _____.

3 **Мамандықтарды бөліп жазыңыз.**

Өрт сөндіруші • ұшқыш • полиция • әртіс • бағдарламашы • сиқыршы

Қауіпті	Қызықты

4 **Мәтінді оқыңыз. Сұраққа жауап беріңіз.**

Менің есімім – Асқар. Жасым 25-те. Өрт сөндіруші болып жұмыс жасаймын. Еңбек өтілім– 3 жыл. Өрт сөндіруші – қауіпті мамандық. Бұл мамандық иесі батыр, денсаулығы күшті, шыдамды болуы керек.

Менің есімім – Қайрат. Жасым 32-де. Air Astana компаниясында ұшқыш болып жұмыс жасаймын. Еңбек өтілім – 10 жыл. Ұшқыш өте қызықты және қауіпті мамандық. Ұшқыш білімді, денсаулығы күшті болуы керек.

- Кімнің еңбек өтілі аз?
- Кімнің мамандығы қауіпті?
- Кімнің денсаулығы мықты болуы керек?

- Кімнің жасы кіші?
- Кім мамандыққа керек үш қасиетті айтты?
- Екі кейіпкерде не ұқсас?

5 **Кестені толтырыңыз.**

Кім?	**Қайда жұмыс жасайды? Тізімнен таңдаңыз.**	**Мамандық қиын ба, оңай ма?**
Ұшқыш	*Әуе компаниясында, вокзалда, циркте*	_____
Бағдарламашы	*Мейрамханада, құрылыста, компанияда.*	_____
Сиқыршы	*Саябақта, циркте, банкте*	_____
Әртіс	*Театрда, дүкенде, дәріханада*	_____

6 **Кестедегі сөздермен сөйлем құраңыз.**

Үлгі: *Ұшқыш әуе компаниясында жұмыс жасайды.*

1 **Мамандық атауларын жазыңыз.**

й	Я	О	Ч	Ю	Н	К	И	Қ	Л	Д	Ф	Д	П	Э
Ы	Б	У	Э	М	Р	Т	Ь	А	Ю	В	Ф	Щ	Ы	Э
Ь	К	Н	М	Ь	Х	Н	Ц	Р	Ч	У	М	Е	Т	С
Ы	Ч	Ш	Ж	В	Б	Б	Щ	Ж	М	Б	Ш	Х	І	Ы
В	Б	С	Е	Т	О	Я	О	Ы	Ұ	Х	Ю	З	Г	Ж
Д	К	Ы	Я	И	А	П	Ш	Г	Ғ	Г	А	Ч	І	А
Ә	Я	Э	Р	С	М	Н	Д	Е	А	З	Х	В	Н	Ж
Р	Ь	Е	Б	А	Ғ	Д	А	Р	Л	А	М	А	Ш	Ы
І	Ь	Ю	З	Т	Б	И	Ш	І	І	Ң	Е	С	І	Е
Г	Г	Г	П	У	З	З	Е	Ф	М	Г	Д	П	А	Ж
Е	С	Е	П	Ш	І	А	Ш	Ь	И	Е	Б	А	З	Ш
Р	И	Я	Б	Ы	Б	Й	Л	Е	И	Р	И	З	Б	Э
И	Ш	И	В	З	В	Н	И	Ц	З	Ж	К	К	Ь	Ы
Я	Щ	Е	А	Л	Ь	Е	О	Я	Л	Е	Е	Х	Э	Ь
Ч	Ц	В	С	Х	Л	Р	Т	П	Ч	Д	Н	И	Х	Щ

1. Тізімдегі қай мамандық қызықты?

2. Қай мамандық қиын?

3. Қай мамандық оңай?

4. Қай мамандық қауіпті?

2 **Тыңдалым тапсырмасы.**

А) Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бірінші кейіпкердің мамандығы кім? _____
2. Қай кейіпкер балалық шағын айтты? _____
3. Кім оқушы кезін айтты? _____
4. Қай кейіпкер тазалық туралы айтты? _____

Ә) Қажет сөзді жазыңыз.

- Осы _____ жақсы көремін
- Дәрігерлік _____ және _____ жұмыс.
- Еңбек өтілім – _____.
- Аспаз болу үшін адамға _____, _____ керек.

Б) «Шын немесе жалған» екенін анықтаңыз

	Шын	Жалған
Бірінші кейіпкер аспаз	☐	☐
Бірінші кейіпкер мамандығын жақсы көреді	☐	☐
Аспаздың арманы орындалды.	☐	☐
Дәрігер білімді болуы керек	☐	☐
Аспаз таза болуы керек	☐	☐

3 **Мамандықтарды тауып, қайда жұмыс жасайтынын жазыңыз.**

Мамандықтардың аты	Қайда жұмыс жасайды?

МЕНІҢ БІР КҮНІМ

6.А Уақыт. Сағат
6.Ә Апта атаулары
6.Б Күн тәртібі
6.В Менің жұмыс күнім
6.Г Тарауды қайталау

6
ТАРАУ

МЕНІҢ БІР КҮНІМ

Уақыт. Сағат

1 **Оқыңыз, есте сақтаңыз.**

- Минут
- Сағат
- Тәулік
- Апта
- Ай
- Жыл
- Ғасыр
- Таңертең
- Кеш
- Түн
- Күндіз
- Сағат

2 **Сәйкестендіріңіз.**

Бір минутта	☐	☐	60 минут бар
Бір сағатта	☐	☐	24 сағат бар
Бір тәулікте	☐	☐	60 секунд бар
Бір аптада	☐	☐	30 немесе 31 күн бар
Бір айда	☐	☐	7 күн бар
Бір жылда	☐	☐	100 жыл бар
Бір ғасырда	☐	☐	12 ай бар

3 **Суретте қай уақыт бейнеленген?**

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

4 **Фразалар қай уақытта айтылады?**

Таңертең _____

Кеште _____

Күндіз _____

Түнде _____

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Кеш жарық!

Қайырлы түн!

5 **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Күнде неше сағат жұмыс жасайсыз?
- Қанша уақыт демаласыз?
- Неше сағат ұйықтайсыз?

6 **Уақытты айттыңыз.**

Мысал:

Сағат тура он екі

Он екіге бес минут қалды

Он екіден жеті минут кетті

тура

қалды

кетті

жарым

Уақыт. Сағат

Сағат нешеде?		Сағат неше?	
Сағат	1 де 2 де 3 те 4 те 5 те 6 да 7 де 8 де 9 да 10 да 11 де 12 де	1 ден 2 ден 4 тен 12 ден 1 ге 4 ке 6 ға 10 ға	25 минут кетті 10 минут қалды

Сағат он екі жарым.

7 **Уақытты жазыңыз.**

____:____

____:____

____:____

____:____

____:____

____:____

____:____

____:____

1 **Жауап беріңіз.**

- Осы айда неше апта бар?
- Осы айда неше күн бар?
- Қазір қандай ғасыр?
- Биыл қай жыл?
- Қазір қай уақыт?
- Қазір сағат неше?

2 **Апта күндерін есте сақтаңыз.**

1. Дүйсенбі
2. Сейсенбі
3. Сәрсенбі
4. Бейсенбі
5. Жұма
6. Сенбі
7. Жексенбі

3 **Апта күндерін жазыңыз.**

1. Аптаның екінші күні _____
2. Аптаның бірінші күні _____
3. Аптаның төртінші күні _____
4. Аптаның алтыншы күні _____
5. Аптаның үшінші күні _____
6. Аптаның бесінші күні _____
7. Аптаның жетінші күні _____

4 **Тыңдап, кім екенін табыңыз.**

	Айбар	Айгүл	Серік	Гүлден
Жұмада туылған.	☐	☐	☐	☐
Жексенбі күні жұмыс жасайды.	☐	☐	☐	☐
Аптасына үш күн демалады.	☐	☐	☐	☐
Аптаның екінші күнінде бассейнге барады.	☐	☐	☐	☐
Дүйсенбі сайын жиналысқа қатысады.	☐	☐	☐	☐
Сәрсенбіде достарымен футбол ойнайды.	☐	☐	☐	☐

5 **Күнтізбеге қараңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Екінші сәуір аптаның қай күні?
- Сәуір айында неше сенбі бар?
- Сәрсенбі қай күндерге келіп тұр?
- Сәуірдің жиырма бесі аптаның қай күні?
- Ай аптаның қай күнімен бітеді?

6 **Диалог құрыңыз.**

- Бүгін қай күн?
- _____
- Аптаның қай күні демаласың?
- _____
- Аптаның қай күнін жақсы көресің?
- _____
- Сенбі сағат нешеде оянасың?
- _____
- Жексенбі нешеде ұйықтайсың?

1 **Оқыңыз және есте сақтаңыз.**

- Күн тәртібі
- Ұйықтау
- Ояну
- Жаттығу жасау
- Шомылу
- Жаяу жүру
- Серуендеу
- Таңғы ас
- Кешкі ас
- Түскі ас
- Салауатты өмір салты

2 **Диалог құрыңыз.**

- Таңертең нешеде оянасың?
- Жұмысқа/ оқуға нешеде барасың?
- Түскі асты қайдан ішесің?
- Кешкі асты нешеде ішесің?
- Нешеде ұйықтайсың?



3 **Болат пен Алинаның күн тәртібін айтыңыз.**



- Кім ерте оянады?
- Кім сағат шырылынан оянады?
- Кім оянысымен шомылады?
- Кім жұмысқа жаяу барады?
- Кім таңғы асты үйден ішеді?
- Кім жұмыстан түнде келеді?
- Кім кешкі асқа зиянды тағам жейді?
- Кім жұмыстан кейін серуендейді?
- Кім ерте ұйықтайды?
- Кім жаттығу жасайды?
- Кім кешкі ас пісіреді?

4 **Оқыңыз. Дұрыс немесе бұрыс екенін табыңыз.**

Күн тәртібі

Күн тәртібі – уақытты дұрыс өткізу.

Таңертең ерте оянып, жаттығу жасасаң, күнің жақсы өтеді. Таңғы жаттығудан кейін таңғы ас ішу керек. Түскі ас пен кешкі асты да уақытымен ішіп, уақытымен ұйықтау керек. Жұмыстан кейін жаяу серуендеген пайдалы. Кез келген уақытта ұйықтасаң, шаршаңқы жүресің.

Күнің сәтті өтсін десең күн тәртібін сақтап, салауатты өмір салтын ұстану керек.

Тұжырымдар	**Дұрыс**	**Бұрыс**
Таңмен жаттығу жасау пайдалы		
Уақытымен тамақтану керек		
Ерте ұйықтау зиян		
Жаяу жүру пайдалы		

5 **Күн тәртібін жазыңыз.**

8:00		16:00	
9:00		17:00	
10:00		18:00	
11:00		19:00	
12:00		20:00	
13:00		21:00	
14:00		22:00	
15:00		23:00	

1 **Сөздерді есте сақтаңыз.**

- Кеше
- Бүгін
- Ертең

2 **Жауап беріңіз.**

- Кеше жұмыста не істедің?
- Ертең не істейсің?
- Бүгін күнің қалай өтті?

3 **Қай уақытта не істейтініңізді жазыңыз.**

Таңертең	Күндіз	Кешке	Түнде

- Таңғы ас ішу
- Жаттығу жасау
- Кездесуге бару
- Жаяу серуендеу
- Достармен кездесу
- Кітап оқу
- Тамақтану
- Ұйықтау
- Дүкен аралау
- Теледидар көру
- Электронды поштаны тексеру

4 **Сәйкестендіріңіз.**

1. Күнде неше сағат жұмыс жасайсыз? ☐
2. Жұмысқа сағат нешеде барасыз? ☐
3. Жұмыс күніңіз неден басталады? ☐
4. Түскі асқа қанша уақыт бөлесіз? ☐
5. Жұмысқа немен барасыз? ☐
6. Жұмыстан кейін не істейсіз? ☐

☐ **А.** Электрондық поштаны тексеруден
☐ **Ә.** Автобуспен
☐ **Б.** Сағат 9-да
☐ **В.** 1 сағат
☐ **Г.** 8 сағат
☐ **Ғ.** Спортпен айналысамын

5 **Бос орындарды толтырыңыз.**

Дүйсенді • тоғызда • жаяу • түскі ас • поштамды

Менің жұмыс күнім

Бүгін аптаның бірінші күні _____. Мен ұйқымнан оянып, сағат _____ жұмысқа _____ келдім. Жұмысқа келіп, электрондық _____ тексердім. Бүгін _____ кезінде құрбыммен кездесемін.

6 **Дәрігер мен мұғалімнің күні қалай өтетінін жазыңыз.**

- Аптаның қай күндері жұмыс жасайды?
- Таңертең нешеде тұрады?
- Жұмысы нешеде басталды?
- Жұмыста не істейді?
- Қашан тамақтанды?
- Неше сағат жұмыс жасады?
- Жұмыстан нешеде шығады?

7 **Жұмыс күніңіз қалай өтті? Смайликтердің бірін таңдап, айтыңыз.**

1 **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Таңертең нешеде тұрасыз?
- Жаттығу жасайсыз ба?
- Таңғы ас ішесіз бе?
- Түскі асты неше іштіңіз?
- Жұмыстан кейін серуендейсіз бе?

2 **Жауаптарды оқыңыз, сұрақ жазыңыз.**



Самал: _____?
Болат: таңертең 7-де ояндым.
Самал: _____?
Болат: Таңғы асқа жұмыртқа жедім және кофе іштім
Самал: _____?
Болат: Жаттығу жасадым
Самал: _____?
Болат: Жұмыстан кейін фильм қарадым

3 **Суретке қараңыз, күн тәртібін жазыңыз.**

Уақыты	Не істейді?

АУДИОМӘТІНДЕР

1 ТАРАУ. 1А. 1-тапсырма.

1А.1 *Құрметті жолаушылар! Нұрсұлтан қаласына қош келдіңіздер! Келесі сапарда кездескенше сау болыңыздар!*

1А.2 *Сәлеметсіздер ме! Қазақ тілі сабағына қош келдіңіздер!*

1А.3 *Кеш жарық, ханымдар мен мырзалар!!!*

1А.4 *Қайырлы таң, балалар!*

Сәлем. (Сәлеметсіз бе.)

Сау бол. (Сау болыңыз)

Қалың қалай? (Қалыңыз қалай?)

Қош келдің (Қош келдіңіз)

Кездескенше

Қайырлы таң

Қайырлы күн

Қайырлы кеш

Қайырлы түн

1. Құрметті жолаушылар! Нұрсұлтан қаласына қош келдіңіздер! Келесі сапарда кездескенше сау болыңыздар!

2. Сәлем!!Қалың қалай?

3. Сәлеметсіздер ме! Қазақ тілі сабағына қош келдіңіздер!

4. Кеш жарық, ханымдар мен мырзалар!!!

5. Қайырлы таң ,балалар!

1 ТАРАУ. 1Ә. 1-тапсырма.

Аа Ана; Әә Әке; Бб балық; Вв велосипед; Гг гүл; Ғғ ғарыш;

Дд доп; Ее есік; Ёё шахтёр; Жж жұлдыз; Зз зымыран; Ии ит;

Йй ай; Кк көбелек; Құ қасқыр Лл лақ; Мм мысық; Нн нан; Ңң аң;

Оо от; Өө өрмекші; Пп піл ; Рр радио; Сс сағат; Тт тауық; Уу уық; Ұұ ұшақ;Үү үйрек; Фф футбол; Хх хат; Һh жиһаз; Цц цирк; Чч чемодан;Шш шырша; ЩЩ щётка;Ъъ подъезд; Ыы ыдыс; Іі ірімшік;

Ьь коньки; Ээ эскаватор; Юю аю; Яя аяқ киім.

1 ТАРАУ. 1Ә. 2-тапсырма.

Ә, Ұ, Ы, І,Ү,Е,Ө, И, А, О, Б, М, Н, Р, Ш, В, Ж, Қ, Ғ, Ң.

1 ТАРАУ. 1Ә. 4- тапсырма.

Ат, қар, ай, нан, аю, хат

1 ТАРАУ. 1Б. 1-тапсырма.

- Сәлем!
- Сәлем!
- Менің атым Марат. Сенің атың кім?
- Менің атым Айжан.
- Танысқаныма қуаныштымын!
- Мен де қуаныштымын!
- Көріскенше!

2 ТАРАУ. 2А. 4-тапсырма.

Менің атым Айман. Менің отбасым үлкен. Менің әжемнің аты Райхан, ол 70 жаста. Атамның аты Байжан, ол 80 жаста. Менің 1 ағам, 1 әпкем бар. Ағамның аты Ержан, әпкемнің аты Мадина. Менің інім, сіңілім жоқ.

2 ТАРАУ. 2Ә. 4- тапсырма.

Ана, сәлем!
Қалыңыз қалай?
Менің жақын достарым Айлин және Лиза . Айлиннің ұлты түрік. Ол түрік тілінде сөйлейді. Ол 18 жаста. Айлиннің көзі қара, шашы ұзын, қоңыр. Бойы ұзын. Ал Лиза 19 жаста. Ұлты ағылшын. Ағылшынша, қазақша біледі. Лизаның бойы аласа, шашы қысқа және сары, ал көзі көк.

2 ТАРАУ. 2Б. 1-тапсырма.

Айжан: Айлин, бұл менің көршім. Оның аты Марат. Ол өте ақылды,білімді Мейірімді және жақсы көрші .
Айлин: Айжан, Марат қазақ па?
Айжан: Қазақ емес, татар. Бірақ ол қазақша, орысша, ағылшынша біледі.
Айлин: Марат неше жаста?
Айжан: Марат 19 жаста. Оның бойы ұзын, шашы қара.

3 ТАРАУ. 3А. 2-тапсырма

Айдос: Ало, тыңдап тұрмын.
Сатып алушы: Сәлеметсіз бе, Айдоссыз ба ?
Айдос: Сәлеметсіз бе, ия, Айдоспын.
Сатып алушы: Хабарландырудағы 3 бөлмелі үлкен үй сатыла ма ?
Айдос: Иә, сатылады.
Сатып алушы: Келіп көруге бола ма ?
Айдос: Әрине, болады.

4 ТАРАУ. 4А.1 тапсырма а

-Кешіріңіз, Жол көрсетіңізші! Ұлттық кітапхана қайда?
-Мен білмеймін, туристпін.
-Кешіріңіз, рақмет!

4 ТАРАУ. 4А.1 тапсырма б

- Кешіріңіз, қарындас. Жол көрсетіңізші!!Ұлттық кітапхана қайда?

- Ұлттық кітапхана ма? Министірлер үйінен тура жүріңіз. Достық көшесінде оңға бұрылыңыз. Жолдан өтіңіз. Алдыңызда Ұлттық кітапхана ғимаратын көресіз.

- Рақмет!

- Оқасы жоқ.

2. Аудиомәтін бойынша дұрыс немесе бұрыс жауапты белгіліңіз

1. Министірлер үйінен солға бұрылыңыз. Бұрыс

2. Достық көшесінде солға бұрылыңыз. Бұрыс

3. Артыңызда Ұлттық кітапхана ғимаратын көресіз.Бұрыс

4. Түркістан көшесінде оңға бұрылыңыз. Бұрыс

5. Жолдан өтпеңіз. Бұрыс

Тарауды қайталау

2. Сөздерді ретімен қойыңыз

1. Сіз Алматы қаласында тұрасыз ба?

2. Сен ауылда тұрасың ба?

3.Сіздің пәтеріңіз бесінші қабатта ма?

4. Ол отызыншы үйде тұра ма?

5. Сен нешінші пәтерде тұрасың?

6. Сіздің мекенжайыңых қандай?

3. Тиісті сөздерді қойыңыз.

Айна: - Ало, Мақсат, сәлем! Мекенжайың қандай? Мен адасып қалдым.

Мақсат: - Сәлем, Айна. Момышұлы1даңғылы,14 үй.

Айна: - Үйдің жанында не 2орналасқан ?

Мақсат: - Үйдің жанында кітап 3дүкені орналасқан.

Айна:: - Мақсат, кітап дүкенінің 4. қарама-қарсысында ма ?

Мақсат: - Иә, жолдан өтесің.

Айна: - Рахмет.

5-ТАРАУ, 5А. 2-тапсырма.

- Биші---------- би билейді

- Әнші ---------- ән айтады

- Тігінші---------- киім тігеді

- Суретші---------- сурет салады

- Шаштараз---------- шаш қияды

- Дәрігер---------- адамдарды емдейді

- Мұғалім----------бала оқытады

- Сатушы---------- сатады

- Кітапханашы------- кітап береді

- Күзетші----------күзетеді
- Фотограф---------- фотоға түсіреді
- Аспаз----------тамақ пісіреді
- Жаттықтырушы-------спортшыларды жаттықтырады
- Аудармашы--------басқа тілден аударады

5-ТАРАУ, 5Ә. 4-тапсырма.
Дастан: Сәлем, Дина!
Дина: Сәлем, Дастан!
Дастан: Сенің мамандығың кім?
Дина: Мен _дизайнермін____ . Сен ___суретшісің__ бе?
Дастан: Жоқ, мен ___фотографпын_____.
Дина: Еңбек өтілің қанша жыл?
Дастан: Еңбек өтілім ____3_____ жыл. Сенде?
Дина: Менің еңбек өтілім __5_____ жыл.
Дастан: Жұмысыңды жақсы көресің бе?
Дина: Әрине, ___жақсы көремін_____

5-ТАРАУ, 5Г. 2-тапсырма.
Мен – дәрігермін. Осы мамандықты жақсы көремін. Кішкентай кезімнен ата-анам мен туыстарымды емдеуді армандадым. Сол арманым орындалды. Дәрігерлік қызықты және жауапты жұмыс. Дәрігер білімді, мейірімді болуы керек.

Мен – аспазбын. Еңбек өтілім – 8 жыл. Тағам дайындағанды жақсы көремін. Оқушы кезден тәтті тамақ пісіргенді жақсы көрдім. Аспаз болу үшін адамға тазалық, еңбекқорлық керек.

6-ТАРАУ, 6Ә. 4-тапсырма.
Менің есімім – Айбар. Жасым 29-да. Апта күндерінің ішінде жұманы жақсы көремін, себебі мен жұмада туылдым. Аптаның екінші, төртінші, алтыншы күндері жұмыс жасаймын. Басқа күндерді отбасыммен өткіземін.

Менің есімім – Айгүл. Жасым 31-де. Мен әр сенбі, жексенбіде жұмысқа барамын. Ал қалған күндері демаламын.

Менің есімім – Серік. Жасым 42-де. Жұмыс аптасының бірінші күні жиналыстан басталады. Басқа күндері жұмыс көп болса да, спортқа уақыт табуға тырысамын. Сәрсенбіде футбол ойнап, жұма күні тенниске барамын.

Менің есімім - Гүлден. Жасым 20-да. Мен аптаның әр күнін тиімді өткіземін. Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері фитнес залға барып, спортпен айналыссам, әр сейсенбі бассейнге барамын.

7-ТАРАУ, 7А. 3-тапсырма.

- *Қар ериді*
- *Гүлдер шығады*
- *Жапырақтар сарғаяды*
- *Жаңа жыл мейрамы болады*
- *Жеміс піседі*
- *Шаңғы тебеміз*
- *Қар жауады*
- *Жаңбыр жауады*
- *Күн жылынады*
- *Боран соғады*
- *Суға түседі*
- *Күнге күйеді*
- *Құстар келеді*

7-ТАРАУ, 7Ә. 2-тапсырма.

Мадина: Салтанат, сенің сүйікті жыл мезгілің қандай?
Салтанат: Мен қысты жақсы көремін.
Мадина: Неге? Қыста аяз болады емес пе?
Салтанат: Мен қарды жақсы көремін. Қыста шаңғы тебесің. Жаңа жыл мейрамы болады. Ал, сен қай жыл мезгілін жақсы көресің?
Мадина: Менің сүйікті жыл мезгілім – көктем.
Салтанат: Неге?
Мадина: Көктемде күн жылы болады. Жылы жақтан құстар келеді, қар еріп, гүлдер шығады.
Салтанат: Жаз мезгілі ұнай ма?
Мадина: Жаз ұнайды. Жазда адамдар суға шомылып, күнге күйеді. Бірақ маған күз ұнамайды.
Салтанат: Неге?
Мадина: Күзде күн салқындайды. Күн жаңбырлы болады.
Салтанат: Сенімен келіспеймін. Күздің де қызықтары бар. Күзде жеміс піседі.
Мадина: Жақсы, сенімен келістім. Әр жыл мезгілі өзінше әдемі.

8-ТАРАУ, 8А. 3-тапсырма.

Кеңесші: Қайырлы күн! Сізге қалай көмектесе аламын?
Сатып алушы: Қайырлы күн! Мен белдемше іздеп жүрмін.
Кеңесші: Киім мөлшеріңіз қандай?
Сатып алушы: Кейде 36,ал кейде 38
Кеңесші: Түсінікті. Қандай түсті белдемше іздедіңіз?
Сатып алушы: Мен қанық түстерді ұнатамын.
Кеңесші: Онда сізге мына қызыл түсті белдемшені ұсынғым келеді.
Сатып алушы: Әдемі екен, бірақ мен ұзындау белдемше іздеп жүрмін.
Кеңесші: Бұл тым қысқа ма? Онда жасыл белдемшені көріңіз.
Сатып алушы: Маған ұнайды.
Кеңесші: Киіп көресіз бе?
Сатып алушы: Иә, киіп көрейін. Киіну бөлмесі қай жерде?
Кеңесші: Менімен жүріңіз

9-ТАРАУ, 9А. 1-тапсырма.
Нан, шай, тағам, қуырдақ, сусын, шырын, көкөніс салаты

9-ТАРАУ, 9А. 3А-тапсырма.
- Сәлеметсіз бе! Қош келдіңіз!
- Сәлеметсіз бе! Рақмет!
- Қандай тамақ аласыз?
- Маған қуырдақ және көкөніс салатын беріңізші.
- Сусын аласыз ба?
- Иә, шай және шырын беріңізші.
- Нан қажет пе?
- Қара нан беріңізші.

9-ТАРАУ, 9Ә. 1Ә- тапсырма.
Бауырсақ пісіру үшін ұн, жұмыртқа, су, май және тұз керек.

9-ТАРАУ, 9Б. 4А-тапсырма.
- Асқар, саған қандай тағамдар ұнайды?
- Маған қазақша ет және палау ұнайды. Саған ше?
- Маған испан тағамдары ұнайды. Әсіресе макарон тағамдары.

9-ТАРАУ, 9В. 2А-тапсырма.
- Асқар, сен қандай тағамдар дайындай аласың?
- Қазақ ұлттық тағамдары ұнайды. Сен ше?
- Мен еуропалық тағамдарды, әсіресе, неміс тағамдарын.
- Мен қазақша ет дайындай аламын. Самал, сен қытай тағамдарын дайындай аласың ба?
- Жоқ, оны дайындау оңай емес. Мен мейрамханадан сатып аламын.

10-ТАРАУ, 10А. 3-тапсырма.
1-сөйлем: Мен бос уақытымда сурет салуды жақсы көремін.
2-сөйлем: Ол бос уақытында театрға баруды жақсы көреді.
3-сөйлем: Мен бос уақытымда музыка тыңдауды ұнатамын.
4-сөйлем: Олар бос уақытында спортпен айналысады.
5-сөйлем: Мен бос уақытымда кино көремін.

10-ТАРАУ, 10Ә. 3-тапсырма
Айжан: - Асқар, сен театрға жиі барасың ба?
Асқар: - Иә, бос уақытымда жиі барамын. Сен ше, Айжан?
Айжан: - Мен кейде барамын, бірақ театрға баруды жақсы көремін.
Асқар: - Саған қандай спектакльдер ұнайды?
Айжан: - Маған комедиялық спектакльдер ұнайды. Саған ше?
Асқар: - Маған барлық спектакльдер ұнайды.

10-ТАРАУ, 10Б. 4А-тапсырма.
– Арман, сен бос уақытыңда қайда бардың?
– Мен Бәйтерекке бардым. Ал, сен ше?
– Мен «Ailand» ойын-сауық орталығына бардым.
– Саған «Ailand» ұнады ма?
– Иә, ұнады. Ол жерде «Мұхитарал», «Джунгли» театры және «Шолу шеңбері» бар екен.

10-ТАРАУ, 10В. 1-тапсырма.
– Артур, сіз мұражайға қаншалықты барасыз?
– Иә, бос уақытымда жиі барамын.
– Қай мұражайға барасыз?
– Ұлттық мұражайға.
– Сізге мұражайда не ұнайды?
– Мұражайда көп қызық нәрселер бар. Маған суреттер, ұлттық киімдер және тарихи заттар залы ұнайды.

11-ТАРАУ, 11Ә. 2А-тапсырма.
Тіркеуші: - Сәлеметсіз бе! Төлқұжатыңызды бола ма?
Жолаушы: - Сәлеметсіз бе! Мінекейіңіз.
Тіркеуші: - Рақмет! Міне билетіңіз. Ұшақ сағат 14:50-де ұшады.
Жолаушы: - Ұшаққа отырғызу нешеде басталады?
Тіркеуші: - Сағат 14:00-де. 3-отырғызу залыннан. Жүк өткізесіз бе?
Жолаушы: - Жоқ, менде тек қол жүгі.
Тіркеуші: - Жолыңыз болсын!
Жолаушы: - Рақмет!

11-ТАРАУ. 11Ә. 3-тапсырма.
Күтіп алушылар назарына! Алматыдан Нұр-Сұлтан бағыты бойынша ұшақ 20 минутқа кешігеді.

11-ТАРАУ, 11Б. 1А-тапсырма.
Қызметкер: - Сәлеметсіз бе! Қош келдіңіз!
Келуші: - Сәлеметсіз бе! Сіздерде бос бөлме бар ма?
Қызметкер:- Қазір бір минут. Неше адамдық бөлме қажет?
Келуші:- Бізге бір адамдық екі бөлме болса.
Қызметкер:- Иә, бізде орындар бар. Неше күнге аласыздар?
Келуші:- Бізге бір аптаға керек.
Қызметкер:- Әрине, қолма қол әлде карта арқылы төлейсіздер ме?
Келуші:- Карта арқылы төлейміз.
Қызметкер:- Жақсы, онда құжаттарыңызды бола ма?
Келуші:- Мінкейіңіз.

12-ТАРАУ, 12Б. 2-тапсырма.
Бүгін – 31 желтоқсан. Бүгін қалада отшашу болады. Ертең – Жаңа жыл. Бүгін шырша безендіреміз. Мен достарыма және отбасыма сыйлық беремін. Мен анама және әкеме ашықхат сыйлаймын.

1.А.2. Қазақстанға қош келдіңіздер!
1. Ханымдар
2. Әйелдер
3. Мырзалар
4. Ерлер
5. қонақтар
6. Көліктер

1.А.5
06.00- 10.00 - қайырлы таң
10.00-18.00 - қайырлы күн
18.00-22.00 - қайырлы кеш
00.00- 00.06 - қайырлы түн

1А.6
- Құрметті жолаушылар! Нұрсұлтан қаласына қош келдіңіздер! Келесі сапарда кездескенше сау болыңыздар!
- Сәлем!! Қалың қалай?
- Сәлеметсіздер ме! Қазақ тілі сабағына қош келдіңіздер!
- Кеш жарық, ханымдар мен мырзалар!!!
- Қайырлы таң, балалар!

1.Ә.2 Әліпби әлемі
Ә, Ұ, Ы, І, Ү, Е, Ө, И, А, О.
Б, М, Н, Р, Ш, В, Ж, Қ, Ғ, Ң.

1.Ә.4 Ат, қар, ай, нан, аю, хат
1.Ә.5 ләк, ірұмшік, балык, фұтбол, салеметсыз

1.Б Танысқаныма қуаныштымын
1.Б.3
Айша : Сәлеметсіз бе 1
Айдар : Сау болыңыз 8
Айдар: Сәлеметсіз бе 2
Айша: Кешіріңіз, сіздің атыңыз Айдар ма?3
Айша : Менің атым Айша. 5
Айдар :Танысқаныма қуаныштымын 6
Айдар: Ия, менің атым Айдар. Сіздің атыңыз кім?4
Айша: Мен де қуаныштымын. 7
Айша :Көріскенше 9

1.Б.6

7 - жеті
16 - он алты
88 - сексен сегіз
120 - жүз жиырма
356 - үш жүз елу алты
1598 - мың бес жүз тоқсан сегіз
1998 - мың тоғыз жүз тоқсан сегіз
2002 - екі мың екі
2005 - екі мың бес
5500 - бес мың бес жүз

1Г.1

Баладар
Кітәптар
Орынтық
Көршы

1Г.2.

1. Дәптерлерлер
2. Кітаптар
3. Аналар
4. Оқушылар
5. Қаламдар
6. Ханымдар
7. Аталар
8. Сағаттар

1Г.4.

5- бес 19-он тоғыз 270-екі жүз жетпіс 2050-екі мың елу 44-қырық төрт

2-ТАРАУ. Мен және отбасым

2.А Мен және отбасым

2.А.2 Айжан - Қайраттың әпкесі
Гүлнар - Айжанның анасы
Мұрат - Қайраттың әкесі
Қайрат - Айжанның інісі

2.А.3 Айжан – Гүлнардың қызы.
Гүлнар – Айжанның анасы.
Қайрат – Айжанның әпкесі.
Қайрат – Мұраттың баласы .
Сәуле – Мұраттың әжесі.
Ержан – Қайраттың атасы .
Гүлнар – Мұраттың анасы.

2.А.4
1. дұрыс
2. бұрыс
3. бұрыс
4. бұрыс
5. дұрыс

2.Ә. Менің достарым
2.Ә.2
1.Айлиннің жаңа достары көп.
2. Айлиннің жақын достары .
3.Айлиннің сіңлісі және әпкесі бар.
4.Айлиннің үлкен ағасы 20 жаста, сіңлісі 15 жаста.

2.Ә.5
Айлиннің көзі қара, шашы ұзын, қоңыр. Бойы ұзын.
Лизаның бойы аласа, шашы қысқа және сары, ал көзі көк.

2.Б. Менің көршім
2.Б.3 1. шулы 2. мейірімді; 3. ашулы.

2.В. Демалыста
2.В.3
1. Дұрыс
2. Бұрыс
3. Дұрыс
4. Дұрыс
5. Бұрыс

2.В.4.
Анаммен, әкеммен, отбасыммен ,достарыммен , анамен , әжеммен атамен , ағамен , баламен, немеремен.

2Г.1.
1. Тиісті сөздерді жазыңыз.
Менің досымның 1аты Санжар. Санжардың 2мемлекеті Өзбекстан. Оның 3ұлты өзбек. Бірақ ол 4қазақша біледі. Санжар жиырма 5жаста. Оның бойы – 6ұзын , көзі- 7қара . Санжар – 8жақсы дос.

2Г.2. Маған кім болады?

1. Ата - ә. Әкемнің әкесі
2. Әже - в. Әкемнің анасы
3. Әке - а. Анамның күйеуі
4. Ана - б. Әкемнің әйелі
5. Аға - ғ. Әкем мен анамның үлкен ұлы
6. Қарындас - г. Әкем мен анамның кенже қызы

2Г.3. Дұрысын таңдаңыз:

1. Демалыс күнімді отбасыммен өткіземін.
2. Асқар кітап оқиды.
3. Анам дастархан дайындайды.
4. Мен көмектесемін
5. Інім футбол ойнайды.
6. Әкем демалады.

2Г.4. Қарсылықты мағында жазыңыз:

1. Ағамның досы жаман емес, ағамның досы- жақсы.
2. Менің інім ақымақ емес, менің інім ақылды .
3. Менің қарындасым көріксіз емес, менің қарындасым көрікті .
4. Менің көршім шулы емес, менің көршім тыныш .
5. Менің ағам қорқақ емес, менің ағам батыл .

3-ТАРАУ. Менің мекенжайым

3.А.Менің мекенжайым

3.А.2

1. Айдоссыз ба ?
2. Сатылады ма ?
3. Келіп көруге бола ма?

3.А.3

1. Есіл ауданына.
2. Достық көшесі, 5 –үй, 24 - пәтер.
3. Нұрсая Тұрғын үйі.

3.Ә.1 Менің үйім

1.Ас бөлмесі; 2.жатын бөлмесі; 3.дәретхана; 4. қонақ бөлмесі; 5.балалар бөлмесі

3.А.2

Жуынатын бөлме: ванна, шам, кір жуғыш машина
Қонақ бөлме: теледидар, диван,орындық, кілем, компьютер,кресло
Ас бөлмесі: пеш үстел, тоңазытқыш,
Жатын бөлме: кереует, шкаф
Балалар бөлмесі: сөре, кереует,

3.А.4

Орындық, төсек, шам, сурет, терезе, үстел, теледидар, сөре, есік, қабырға

3.Б Менің бөлмем

Кітаптар сөренің үстінде тұр. Шам үстелдің тұр. Сөренің үстінде кітап тұр. Үстелдің үстінде папка тұр. Төсектің жанында екі кресло тұр. Мектептің жанында көп бала тұр. Біздің үйіміздің жанында үлкен сауда үйі тұр. Жастықтар төсектің үстінде жатыр.

3.В Тазалық күні

Кім не істейді: не істемейді:
Айсұлу: кірді жуады,ыдыс жуады
Жанар: еденді жуады, ыдыс жумайды
Мақсат: қоқысты шығарады,айнаны сүртпейді
Алтынай: айнаны сүртеді, төсекті жинамайды.

4Г.1.

1. Иә, жоқ жауаптарын беріңіз:

1. Сіздің пәтеріңіз жаңа ма?
Иә, менің пәтерім жаңа.
Жоқ, менің пәтерім жаңа емес.
2. Айдостың үйі жарық па?
Иә, 2. Айдостың үйі жарық па?.
Жоқ, менің пәтерім жаңа емес.
3. Мынау жатын бөлме ме?
Иә, 3. Мынау жатын бөлме.
Жоқ, Мынау жатын бөлме емес.
4. Асүй кең бе?
Иә, асүй кең.
Жоқ, 4 асүй кең емес .
5. Үй иесі қазақ па?
Иә, үй иесі қазақ .
Жоқ, үй иесі қазақ емес.

4Г.2. Сәйкестендіріңіз

а. Үстінде - 2. Үстелдің кітаптар жатыр.
ә. Алдында - 5. Теледидардың диван бар.
б. Астында - 4. Үстелдің орындықтар бар.
в. Жанында - 3.Кереуеттің шкаф бар.
г. Қасында - 1. Диванның кресло бар.

4Г.3. Сәйкестендіріңіз

1. еден
2. ыдыс жуамыз
3. кір

1. айна
2. шаң сүртеміз

1. төсек
2. киім жинаймыз

1. қоқыс шығарамыз

4-ТАРАУ. БІЗДІҢ ОТАНЫМЫЗ

4 А.2 Біздің Отанымыз

А. Дұрыс
Ә. Бұрыс
Б. Бұрыс
В. Бұрыс
Г. Бұрыс
Ғ. Бұрыс

4 Ә.2 Менің қалам

1) Алматы
2) Нұр-сұлтан
3) Алматы
4) Алматы
5) Нұр-сұлтан
6) Алматы
7) Нұр-сұлтан
8) Нұр-сұлтан

5-ТАРАУ. МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ

5.А Мамандықтар әлемі

5А.2. Бос орындарға қажет мамандықты жазыңыз.

Биші би билейді
Әнші ән айтады
Тігінші киім тігеді
Суретші сурет салады
Шаштараз шаш қияды
Дәрігер адамдарды емдейді
Мұғалім бала оқытады
Сатушы сатады

Кітапханашы кітап береді
Күзетші күзетеді
Фотограф фотоға түсіреді
Аспаз тамақ пісіреді
Сазгер музыка жазады
Жаттықтырушы спортшыларды жаттықтырады
Аудармашы басқа тілден аударады

5А.4. Жауап беріңіз
• Ол **құрылысшы**
• Ол **тіс дәрігері**
• Ол **журналист**
• Ол **аудармашы**
• Ол **сатушы**
• Ол **жаттықтырушы**

5.2Ә. Мамандығыңыз кім?
2. Үлгіге қарап, жауап беріңіз.
- Сіз дәрігерсіз бе?
- Жоқ, мен **медбикемін**.
- Сіз мұғалімсіз бе?
- Жоқ, мен **хатшымын**
- Сіз заңгерсіз бе?
- Иә, мен **заңгермін**
- Сіз аспазсыз ба?
- Иә, мен **аспазбын**

5Ә.3.Үлгіге қарап жазыңыз.

Мен аудармашы**мын**, суретші**мін** медбике**мін**	**Біз** аудармашы**мыз**, суретші**міз**, медбике**міз**
Сен аудармашы**сың**, суретші**сің**, медбике**сің**	**Сендер** аудармашы**сыңдар**, суретші**сіңдер**, медбике**сіңдер**
Сіз аудармашы**сыз**, суретші**сіз**, медбике**сіз**	**Сіздер** аудармашы**сыздар**, суретші**сіздер**, медбике**сіздер**
Ол аудармашы, суретші, медбике	**Олар** аудармашы, суретші, медбике

5Ә.4. Диалогті тыңдап, қажет сөзді жазыңыз.
1. Дизайнермін, суретші
2. фотографпын
3. 3 жыл
4. 5 жыл
5. жақсы көремін

5.3.Б. Менің жұмысым

1. Тиіс сөзді жазыңыз.

1. Аурухана
2. Мейрамхана
3. Банк
4. Құрылыс
5. Дүкен
6. Дәріхана

5Б.2. Сөйлемге сұрақ қойыңыз.

- Қаржыгер банкте жұмыс жасайды.	*Қаржыгер қайда жұмыс жасайды?*
- Фармацевт дәріханада жұмыс жасайды.	*Фармацевт _қайда жұмыс жасайды?*
- Құрылысшы құрылыста жұмыс жасайды.	*Құрылысшы қайда жұмыс жасайды?*
- Аспаз мейрамханада жұмыс жасайды.	*Аспаз қайда жұмыс жасайды?*
- Дәрігер ауруханада жұмыс жасайды.	*Дәрігер қайда жұмыс жасайды?*
- Сатушы дүкенде жұмыс жасайды.	*Сатушы қайда жұмыс жасайды?*

5Б.3. Сөздер қай мамандыққа қатысты? Сәйкестендіріңіз.

1-В	3-А
2-С	4-D

5Б.5. Жауап беріңіз.

1-Ә	3-А
2-А	4-А

5.4.В. Қауіпті және қызықты мамандықтар

5В.1. Сәйкестендіріңіз

1-өрт сөндіруші
2-ұшқыш
3-полиция
4-сиқыршы
5-әртіс
6-бағдарламашы

5В.2. Бос орындарға қажет мамандықты қойыңыз.

1. Өрт сөндіруші
2. Ұшқыш
3. Әртіс
4. Полиция
5. Сиқыршы
6. Бағдарламашы

5В.4. Жауап беріңіз.

1. Асқардың
2. Екеуінің де
3. Екеуінің де
4. Асқардың
5. Асқар
6. қауіпті мамандық, денсаулық мықты болу керек

5В.5. Кестені толтырыңыз

Кім?	**Қайда жұмыс жасайды? Тізімнен таңдаңыз.**
Ұшқыш	Әуе компаниясында
Бағдарламашы	Компанияда.
Сиқыршы	Циркте
Әртіс	Театрда

5В.6. Кестедегі сөздермен сөйлем құраңыз.

• Ұшқыш әуе компаниясында жұмыс жасайды
• Бағдарламашы компанияда жұмыс жасайды
• Сиқыршы циркте жұмыс жасайды
• Әртіс театрда жұмыс жасайды

5Г.1. Қосымша тапсырма.

1. Медбике
2. Сәулетші
3. Қаржыгер
4. Тігінші
5. Биші
6. Мұғалім
7. Әнші
8. Шахтер
9. Есепші
10. Сатушы
11. Сазгер
12. Шекарашы
13. Шаштараз
14. Құрылысшы
15. Аспаз
16. Дәрігер

5Г.2. Тыңдалым тапсырмасы.

А) Тыңдалым бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бірінші кейіпкердің мамандығы кім? **дәрігер**
2. Қай кейіпкер өзінің бала күнгі ойларымен бөлісті? **дәрігер**
3. Оқушы кезінде нені жақсы көргені туралы айтқан кім?**аспаз**
4. Қай кейіпкердің мамандығы тазалықты талап етеді? **аспаз**

Ә) Бос орындарға қажет сөзді қойып жаз.

Бала күнімнен осы 1.мамандықты жақсы көремін
2.Дәрігер болу өте 3.жауапты іс, себебі адамдардың денсаулығы, өмірі сенің қолыңда.
Тағам дайындағанды, түрлі 4.жаңа тағамдарды ойлап тапқанды қатты ұнатамын.
Аспаз болу үшін адамға 5.тазалық , ұқыптылық, талғам, 6.еңбекқорлық сынды қасиеттер аса қажет.

6-МОДУЛЬ. МЕНІҢ БІР КҮНІМ

6.1А. Уақыт өлшемдері. Сағат

Сәйкестендіріңіз

Бір минутта	60 секунд бар
Бір сағатта	60 минут бар
Бір тәулікте	24 сағат бар
Бір аптада	7 күн бар
Бір айда	30 немесе 31 күн бар
Бір жылда	12 ай бар
Бір ғасырда	100 жыл бар

6А.2. Суреттегі қай уақыт?

1. Таңертең
2. Күндіз
3. Кеш
4. Түн

6А.4. Фразалар қай уақытта айтылады? Кестеге жазыңыз.

Таңертең	Қайырлы таң!
Кеште	Кеш жарық! Қайырлы кеш!
Күндіз	Қайырлы күн!
Түнде	Қайырлы түн!

6А.7.Уақытты жазыңыз.

1. он екіден он бес минут кетті
2. үштен отыз бес минут кетті
3. беске он бес минут қалды
4. он бір жарым
5. бірден жиырма бес минут кетті
6. тоғыздан он минут кетті
7. сегізге он минут қалды
8. жетіден жиырма бес минут кетті

6Ә.2. Апта күндерін жазыңыз

1. Аптаның екінші күні Сейсенбі
2. Аптаның бірінші күні Дүйсенбі
3. Аптаның төртінші күні Бейсенбі
4. Аптаның алтыншы күні Сенбі
5. Аптаның үшінші күні Сәрсенбі
6. Аптаның бесінші күні Жұма
7. Аптаның жетінші күні Жексенбі

6Ә.4. Тыңдап, кім екенін табыңыз.

	Айбар	Сезім	Серік	Гүлден
Жұма күні дүниеге келген.	+			
Жексенбі күні жұмыс жасайды.		+		
Аптасына үш күн демалады.	+			
Аптаның екінші күнінде бассейнге барады.				+
Дүйсенбі сайын жиналысқа қатысады.			+	
Сәрсенбіде достарымен футбол ойнайды.			+	

6Ә.5. Күнтізбеге қарап, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жексенбі
2. 5
3. 5,12,19,26
4. Сейсенбі
5. Жексенбі

6Б.3. Болат пен Алинаның күн тәртібін айтыңыз.

Кім ерте оянады? Алина
Кім сағат шырылынан оянады? Болат, Алина
Кім оянысымен шомылады? Алина
Кім жұмысқа жаяу барады? Болат
Кім таңғы асты үйден ішеді? Болат
Кім жұмыстан түнде келеді? Алина
Кім кешкі асқа зиянды тағам жейді? Алина
Кім жұмыстан кейін серуендейді? Болат
Кім ерте ұйықтайды? Болат
Кім жаттығу жасайды? Болат
Кім кешкі ас пісіреді? Болат

6Б.4. Мәтінді оқыңыз. Шын немесе жалған екенін табыңыз.

1. Шын
2. Шын
3. Жалған
4. Шын

6.4.В. Менің жұмыс күнім

Жұмысқа дейін	Жұмыс кезінде	Жұмыстан кейін
Таңғы ас ішу Жаттығу жасау Таза ауада серуендеу Достармен бас қосу	Кездесулерге қатысу Қоңырауларға жауап беру Электронды поштаны тексеру	Таза ауада серуендеу Достармен бас қосу Кітап оқу Ұйықтау Дүкен аралау Теледидар көру

6В.4. Сәйкестендіріңіз

1-A
2-B
3-C
4-D
5-E
6-F

6В.5. Сөздерді қойып, толықтырыңыз.

1.дүйсенбі
2. тоғызда, жаяу
3. поштаны
4. түскі ас

7А.1. Жылдың төрт мезгілі

1. Сөздерді қойып оқыңыз.

1. Ыстық
2. Аяз
3. Жылы
4. Салқын

7А.2. Сөзді жазыңыз.

1. Қар
2. Жаңбыр
3. Боран

7А.3. Тіркестерді оқып, жыл мезгіліне бөліп жазыңыз.

Көктем	Жаз	Күз	Қыс
• Гүлдер шығады • Күн жылынады • Құстар келеді	• Суға шомылады • Күнге күйеді	• Жапырақтар сарғаяды • Жеміс піседі • Жаңбыр жауады	• Қар ериді • Жаңа жыл мейрамы болады • Шаңғы тебеміз • Қар жауады • Боран соғады

7Ә.2. Мәтінді тыңдап, бос орынды толтырыңыз.

1. Мезгілің
2. Қысты
3. Көктем
4. Жылы
5. Жаз
6. ұнайды
7. Күз
8. Жаңбырлы

7Ә.3. Кім екенін табыңыз.

1. Салтанат
2. Мадина
3. Мадина
4. Мадина

7Ә.4. Төрт мезгілге қатысты тіркестерді жазыңыз.

КӨКТЕМ	Құс келеді, қар ериді, гүлдер шығады, күн жылы
ЖАЗ	Суға түседі, күнге күйеді
КӨКТЕМ	Жемістер піседі, балалар мектепке барады
ҚЫС	Аяз, қар, шаңғы тебу, жаңа жыл мейрамы

7Б.1. Ай аттарын оқып, жыл мезгіліне бөліп жазыңыз.

Қыс айлары	Көктем айлары	Жаз айлары	Күз айлары
Желтоқсан Қаңтар Ақпан	Наурыз Сәуір Мамыр	Маусым Шілде Тамыз	Қыркүйек Қазан Қараша

7Б.3.Ай аттарын жазыңыз.
1. Қазан
2. Желтоқсан
3. Тамыз
4. Наурыз
5. Шілде
6. Қыркүйек

7Б.5. Сөйлемді оқып, қарсы мағынада жазыңыз.
1. Наурызда күн жылы
2. Қазанда жаңбыр жоқ
3. Қарашада қар жаумады
4. Маусымда күн салқын

7В.2. Сәйкестендіріңіз.
1-B
2-E
3-F, D
4-A
5-C
6-D, F

7В.4. Картаға қарап, жауап беріңіз.
1. Көктем
2. Болжам бойынша сәуір, мамыр
3. Қызылорда
4. Павлодар, Петропавл, Көкшетау
5. Өскемен, Алматы, Қызылорда, Тараз, Жезқазған.

8А.1. Сәйкестендіріңіз.
1 - D
2 - C
3 - G
4 - H
5 - F
6 - B
7 - E
8 - I
9 - A
10 - J

8А.3. Суреттегі киімдердің түстерін жазыңыз.

1. Сары
2. Қою көк
3. Күлгін мен қара
4. Қызғылт
5. жасыл
6. Ақ
7. Ашық қоңыр
8. Қызыл
9. Қоңыр
10. Қоңыр

8А.4. Сөздермен сөйлем құраңыз

1. Менің қызыл көйлегім бар
2. Мен жасыл түсті жақсы көремін
3. Кеше сары жейде алдым
4. Сенің ақ туфлиің әдемі

8.Ә.2. Қандай киімді таңдайсыз?
Сөздердің антонимдерін тауып жазыңыз.

Ұзын белдемше	**Қысқа** белдемше
Қалың жемпір	**Жұқа** жемпір
Арзан жейде	**Қымбат** жейде
Ақ туфли	**Қара** туфли
Ұзын жең көйлек	**Қысқа** жең көйлек
Кең балақты шалбар	**Тар** балақты балақты шалбар
Үлкен аяқ киім	**Кішкентай** аяқ киім

8Ә.4. Диалогті тыңдап, бос орындарға қажет сөзді жазыңыз.

1. белдемше
2. мөлшеріңіз
3. түсті
4. Қызыл
5. ашық түсті
6. қысқа
7. бөлмесі

8Ә.5. Диалог бойынша сұрақтарға жауап бер.

A. Киім дүкеніне
B. Белдемше
C. Қызыл
D. 36,38

8Ә.6. Суретке қарап, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Кімнің белдемшесі қысқа? 2
2. Кімнің сөмкесі үлкен? 3
3. Кімнің сөмкесі кішкентай? 4
4. Кім үстіне ақ жейде киген? 1,3
5. Кім қара етік киген? 2
6. Кім сұр кофта киген? 2

8Б.1. Маусымдық киімдер

1. Кімнің не кигенін тауып, сәйкестендіріңіз.

1-D
2-A
3-B
4-C

8Б.3. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Тон, құлақшын, пима
Қыстық киімдерді
Шағы болмады
Қазақ дизайнерлері
Иә, ұнады

9А. 2 Сәйкестендіріңіз.

тағамдар - 2
қуырдақ - 3
кофе - 4
сусын - 5
шай - 6
көкөніс салаты-7
нан - 8
шырын - 1

9А. 3

А. Тыңдаңыз. Белгіленіз. Ол не алды?

қазақша ет		нан	V
қуырдақ	V	шай	V
шырын	V	салат	V
кофе		сүт	

Ә. Қайта тыңдаңыз. Сәйкестендіріңіз.

1. Ә	3. А
2. В	4. Б

9.Ә. 1.

Ә. Тыңдаңыз. Тиісті суреттерді белгілеңіз.

Бауырсақ пісіру үшін ұн, жұмыртқа, су, май және тұз керек.

9Ә. 2.

А. Тиісті сөзді жазыңыз.

1. бауырсағың
2. қостым
3. қуырдың
4. май
5. дәмді

9Б. 2. Етістіктерді болымды түрде айтыңыз.

1. Мен таңғы асты үйде ішемін.
2. Мен таңғы аста нан жеймін.
3. Мен шырын жақсы көремін.
4. Мен тамақ пісіремін.
5. Мен тамаққа май қосамын.
6. Мен көкөніс салатын дайындаймын.

9Б. 3. Сөйлемдерді қарсы мағынада айтыңыз.

1. Мен таңғы асқа бауырсақ пісірдім.
2. Мен таңғы асымды сағат 8:00-де іштім.
3. Біз тамаққа тапсырыс бердік.
4. Олар түскі асқа мейрамханаға барды.

9Б. 4.

Ә. Сұхбатта айтылған тағамдарды белгілеңіз.

қазақша ет	+	Испан тағамы	+
таңғы ас		көкөніс салаты	
кешкі ас		макарон	+
палау	+	бауырсақ	

9В. 2. Тыңдаңыз.

А. Сұхбатта айтылған тағамдарды белгілеңіз.

Ұлттық тағамдар	+
Еуропалық тағамдар	+
Шығыс тағамдары	+
Қытай тағамдары	+
Қазақша ет	+
Сүт тағамдары	

Ә. Қайта тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.

- Асқар, сен қандай тағамдар дайындай аласың?
- Қазақ ұлттық тағамдары ұнайды. Сен ше?
- Мен еуропалық тағамдарды, әсіресе, неміс тағамдарын.
- Мен қазақша ет дайындай аламын. Самал, сен қытай тағамдарын дайындай аласың ба?
- Жоқ, оны дайындау оңай емес. Мен мейрамханадан сатып аламын.

9В.3. Сәйкестендіріңіз.

1 - Ә
2 - Б
3 - А

Менің бос уақытым

10А.1. Сәйкестендіріңіз.

Сөз		Сурет
1	-	Ә
2	-	В
3	-	Г
4	-	Ғ
5	-	Д
6	-	Е
7	-	Ж
8	-	Б
9	-	А

10А.4. Сәйкестендіріңіз.

1. Б
2. А
3. Ә
4. Г
5. Д
6. В

10Ә.3. Тыңдаңыз. Белгілеңіз.

		Дұрыс	Бұрыс
0.	Олар тетар туралы сөйлесті.	V	
1.	Асқар театрға жиі барады.	V	
2.	Айжан театрға жиі бармайды.		V
3.	Айжан театрға баруды жақсы көрмейді.		V
4.	Айжан комедияны ұнатады.	V	
5.	Асқар барлық спектакльдер көруді жақсы көреді.	V	

Ә. Қайта тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

3. баруды 1. жиі 5. барлық 2. уақытымда 4. спектакльдер

10Б.2. Жауап беріңіз.

Арман бос уақытында қайда барады?

1. Арман Бәйтерекке, Хан шатырына, Нұр-әлемге, Мұхитаралға барады.
2. Арман Астана опера театрына бармайды.

10Б.4. Тыңдаңыз. Белгілеңіз.

Олар қайда барды?

1. Бәйтерек	+
2. Хан шатыры	
3. Нұр-әлем	
4. «Астана опера» театры	
5. «Ailand» ойын-сауық орталығы	+
6. Мұхитарал	

Ә. Қайта тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

Самал:	– Арман, сен бос уақытыңда қайда бардың?
Арман:	– Мен Бәйтерекке бардым Ал, сен ше?
Самал:	– Мен «Ailand» ойын-сауық орталығына бардым.
Арман:	– Саған «Ailand» ұнады ма?
Самал:	– Иә, ұнады. Ол жерде «Мұхитарал», «Джунгли» театры және «Шолу шеңбері» бар екен.

10Б.6. Қарсы мағынада жазыңыз.

1. бармадық.
2. ұнамады.
3. көрмедім.
4. отырмадық .
5. көрінбейді.

10В.1. Тыңдаңыз. Дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1) а) үнемі
2) б) бос уақытында
3) ә) ұлттық
4) а) тарихи заттар

10В.5. Қарсы мағынада жазыңыз.
1. Ұлттық мұражай – ең үлкен мұражай.
2. Мұражайдың жанында Ұлттық өнер университеті бар.
3. Мұражай дүйсенбі күні жұмыс істемейді.
4. Каникул кезінде оқушыларға тегін.

10Г.1. Бос уақыт
1. Кейіпкерлер туралы ақпарат жазыңыз.
1. Асқар кітап оқуды, спортпен айналысуды, музыка тыңдауды, қала аралауды ұнатады.
2. Асқар театрға баруды, мұражайға баруды, теледидар көруді ұнатпайды.
3. Айдар кітап оқуды, спортпен айналысуды, қала аралауды ұнатпайды.
4. Айдар театрға баруды, мұражайға баруды, музыка тыңдауды, теледидар көруді ұнатады.

10Г.2. Етістіктерді өткен шақта болымды және болымсыз формада жазыңыз.
1. Мен бос уақытымда мұражайға **бардым\бармадым**
2. Ол таңертең үнемі жаттығу **жасады\жасамады**
3. Олар кеше театарда қызықты спектакль **көрді\көрмеді**
4. Актерлер рөлдерін жақсы **ойнады\ойнамады.**
5. Театрға, мұражайға адамдар **көп келді\келмеді.**
6. Шолу шеңберінен қала әдемі **көрінді\көрінбеді.**

11А.2. Қарсы мағынада жазыңыз.
1. Асқар демалыста Атырауға **бармады**.
2. Ол ата-анасымен бірге барды **бармады**.
3. Ол Атырауға пойызбен барды **бармады**.
4. Оған Атырау және Жайық өзені **ұнамады**.

11А.3. Сәйкестендіріңіз.
Дұрыс жауаптар: 1- В, 2-Б, 3-Ә, 4-Г, 5-Д, 6-А, 7-Ж, 8-З

11А.4. Сәйкестендіріңіз.
Дұрыс жауаптар: 1- Ә; 2-Б; 3-В; 4-А

11А.5. Тиісті сөзді қойыңыз. Оқыңыз.
1 - Әуежайдамын.
2 - қонақ үйдесің?
3 - мекенжайы.

11А.6. Жауап беріңіз.
1. Олар қайда?
Самат әуежайда. Асқар қонақүйде.
2. Асқар қайда барады?
Асқар қонақүйге барады.

11Ә.1. Тиісті сөзді жазыңыз.

1- ұшу; 2- қону; 3-жолаушы; 4- тіркеу орны; 5-төлқұжат; 6- жүк өткізу

2. А. Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты таңдаңыз.

	дұрыс	бұрыс
1. Ұшақ сағат 14:00-де ұшады.		+
2. Ұшаққа отырғызу сағат 15:00-те басталады.		+
3. Ұшақ 3 –отырғызу залынан ұшады.	+	
4. Жолаушы жүк өткізді.		+

1. Төлқұжатыңызды
2. Билетіңіз
3. Ұшаққа
4. Залынан
5. Қол

11Ә.3. Тыңдаңыз. Жауап беріңіз.

1. Хабарландыру кімдерге айтылды? – Күтіп алушылар үшін
2. Хабарландыру не туралы болды? – Ұшақ кешігуі туралы
3. Қай рейс кешігеді?- Алматы-Нұр-Сұлтан рейсі

11Ә.4. Сәйкестендіріңіз.

1. - Ә
2. - Б.
3. - А

11Б.1. Дұрыс ақпаратты белгілеңіз.

	дұрыс	бұрыс
1. Қонақүйде бос бөлмелер бар.	+	
2. Жолаушыларға екі адамдық бөлме керек.		+
3. Олар бір кісілік екі бөлме алды.	+	
4. Олар 7 күнге бөлме алды.	+	
5. Ол карта арқылы төлем жасады.	+	

11Б.2. Тиісті сөздерді қойып оқыңыз.

1. Сәлеметсіз бе!
2. адамнық
3. үш күнге
4. қолма-қол
5. құжаттарыңызды

11Б.4. Сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап жазыңыз.

1. Маған жарық әрі кең бөлме болса.
2. Екі күнге тоқтаймын.
3. Үшінші немесе төртінші қабаттан болса.
4. Карта арқылы жасаймын.
5. Таңғы ас 9:00-ден 11:00-ге дейін

11В.1. Сәйкестендіріңіз.

Дұрыс жауап: 1-Бурбай; 2- Шарын шатқалы; 3- Көлсай; 4-Қайыңды көлі; 5- Қожа-Ахмет Яссауи кесенесі

11В.4. Оқыңыз. Жауап беріңіз.

1. Туристерге не ұнайды? – Бурабайдың табиғаты, қонақүйлері ұнайды.
2. Қай жерді екінші Швецария деп атайды? – Бурабайды екінші Швецария деп атайды.
3. Бурабайда не істеуге болады?- Жазда орман, тауда жаяу сереуендеуге және қыста шаңғы, коньки тебуге болады.
4. Қай жерлерге туристер көп барады? - Шарын шатқалы, Көлсай, Қайыңды көліне туристер көп барады.

11Г.3. Болымсыз түрде жазыңыз.

1. Олар жүк өткізбейді\өткізбеді.
2. Менің досым ағылшынша сөйлмейді\сөйлемеді.
3. Сен билет сатып алмайды\алмады.
4. Мен Бурабайда боламын\болмадым.
5. Қазақстанға туристер көп келмейді\келмеді.
6. Ұшақ бүгін сағат 14:00-де ұшпайды\ұшпады.

12Б.2. Оқыңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.

1-қонақтар; 2- дастархан, 3- ән, 4- алтыбақан, 5- асық

3. Жалғастырып жазыңыз.

1- жаяды, 2- келеді, 3- тебеді, 4- ойнайды, 5- айтады

СӨЗДІК

1 ТАРАУ. ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР

сәлем
(сәлеметсіз бе)
сау бол
(сау болыңыз)
қалың қалай?
(қалыңыз қалай?)
қош келдің (қош келдіңіз)
кездескенше
қайырлы таң
қайырлы күн
қайырлы кеш
қайырлы түн
сенің атың кім?
менің атым….
танысқаныма қуаныштымын.
кешіріңіз.
көріскенше.
мен де ...
иә
жоқ

2 ТАРАУ. МЕН ЖӘНЕ ОТБАСЫМ

әке
ана
әже
ата
аға
ұл
бала
қыз
әпке
іні младший брат
сіңлі
немере
қарындас
ер
күйеу
әйел
ақ
қара
қызыл
қоңыр
көк
жасыл
сары
шаш
биік
аласа
бойы
ұзын
қысқа
көзі
қара
үлкен
кішкентай
жақсы
жаман
ақылды
ақымақ
білімді
білімсіз
тыныш
шулы
мейірімді
ашулы
батыл
қорқақ
көрікті
көріксіз

3 ТАРАУ. МЕНІҢ МЕКЕНЖАЙЫМ

хабарландыру
сатылады
мекенжай
аудан,
көшесі
пәтер
тұрғын үйі.
мектеп,

балабақша,
дүкен
баға
үй иесі
асүй
дәретхана
жатын бөлмесі
қонақ бөлмесі
балалар бөлмесі
теледидар
үстел
орындық
диван
кресло
кілем
шам
айна
сөре
ішінде
жоғарыда
үстінде
жанында
артында
алдында
қасында
астында
арасында
айнаны сүртемін
шаңды сүртемін
еденді жуамын
төсекті жинаймын
ыдыс жуамын
кір жуамын
киімдерді жинаймын
қоқысты шығарамын

4 ТАРАУ. БІЗДІҢ ОТАНЫМЫЗ

тәуелсіз мемлекет
мемлекеттік тіл
халық
астанасы
жер көлемі
әлем
ұлттық валюта
банк
дәріхана
мейрамхана
аурухана
университет
дүкен
мектеп
әуежай
қонақүй
кинотеатр
емхана
вокзал
кітапхана
музей
стадион
автотұрақ
аялдама
оң жағында
сол жағында
жанында
қарама-қарсы
орналасқан
солға
оңға бұрылыңыз
тіке жүріңіз

5 ТАРАУ. МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ

құрылысшы
мұғалім
дәрігер
аспаз
шаштараз
суретші
биші
ғарышкер
сатушы

тігінші
кітапханашы
аударма шы
күзетші
қаржыгер
сәулетші
мейірбике
хатшы
жаттықтырушы
фотограф
заңгер
журналист
есепші
дизайнер
жұмыс
еңбек өтілі
жақсы көру
жұмыс істеу
өрт сөндіруші
ұшқыш
полиция
әртіс
бағдарламашы
сиқыршы
қауіпті мамандық
қызықты мамандық
оңай
қиын

6 ТАРАУ. МЕНІҢ БІР КҮНІМ

минут
сағат
тәулік
апта
ай
жыл
ғасыр
таңертең
кеш
түн
күндіз
дүйсенбі
сәрсенбі
сейсенбі
бейсенбі
сенбі
жұма
жексенбі
күнтізбе
күн тәртібі
ұйықтау
ояну
жаттығу жасау
шомылу
жаяу жүру
серуендеу
таңғы ас
кешкі ас
түскі ас
салауатты өмір салты
кеше
бүгін
ертең

7 ТАРАУ. ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

ыстық
аяз
жылы
салқын
күз
қыс
жаз
жаңбыр
қар
боран
ериді (қар)
жауады (қар, жаңбыр)
сарғаяды
қар ериді
суға шомылу

шаңғы тебу
қаңтар
ақпан
наурыз
сәуір
мамыр
маусым
шілде
тамыз
қыркүйек
қазан
қараша
желтоқсан
найзағай
бұршақ
тұман
жел

8 ТАРАУ. КИІМ ДҮКЕНІ

пальто
аяқ киім
шалбар
күрте
бас киім
белдемше
жейде
етік
көйлек
тон
ақ
көгілдір
ашық
сұр
киім мөлшері
киіну бөлмесі
қымбат
арзан
қалың
жұқа
кең
тар
қолғап
қолшатыр
қалпақ
орамал

9 ТАРАУ. МЕНІҢ СҮЙІКТІ ТАҒАМЫМ

тағам
нан
су
сүт
ет
көкөніс
шай
сусын
ішу
жақсы көру
тұз
май
жұмыртқа
пісіру
қосу
қуыру
ұлттық тағамдар
асыңыз дәмді болсын!

10 ТАРАУ. БОС УАҚЫТ

кітап оқу
музыка тыңдау
спортпен айналысу
сурет салу
фитнеске бару
театрға бару
теледидар көру
суретке түсіру
театр
қойылым
көрермен

рөл
зал
қызықты
ойын-сауық орталығы
шолу шеңбері
тарихи заттар
мұражай

11 ТАРАУ. САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС

ұшақ
әуежай
қонақүй
ағылшынша сөйлеу
мекенжай сұрау
ұшу
қону
жолаушы
тіркеу орны
төлқұжат
жүк өткізу
қолма-қол ақша
бір адамдық
карта арқылы
көрікті жерлер
танымал орын

12 ТАРАУ. МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

мереке
наурыз мерекесі
туған күн тойлау
сыйлық
сыйлық беру
кәдесый
қонақ шақыру
отбасылық мереке
отшашу
шырша безендіру
ашықхат
дастархан жаю
алтыбақан тебу
асық ойнау
ұлттық тағам
тілек тілеу
құттықтау

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНА АРНАЛҒАН ӘМБЕБАП ОҚУЛЫҚ

ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ (А1)

Авторлары: Л.Ж. Бейсенбаева, А.К. Балабеков, А.С. Жакыпжанова.

Редакция алқасы: Л.Есбосынова, А.Орманова, М.Дарменова

ISBN 978-601-7504-56-4

9 786017 504564